

# 15-тарау.

## ҚР бюджет жүйесі



ҚР бюджет жүйесінің мәні, құрамы, құрылымы, құқықтық негіздері мен қызмет ету принциптері

Бюджеттік құрылым деп мемлекеттің қаржылық жоспар ретінде мемлекеттік бюджет негізінде әрекет ететін, мемлекеттің бюджет жүйесін құруды ұйымдастыру мен принциптері түсініледі.

Бюджет жүйесі – елдегі бюджеттердің барлық түрлері мен ҚР Ұлттық қорының, сонымен қатар бюджеттік процесс пен бюджет және бюджеттік қаражаттарды алушылар арасындағы қатынастардың жиынтығы.

Бюджет жүйесі – экономикалық қатынастарға мемлекеттік құрылым мен құқықтық нормаға негізделген мемлекет, әкімшілік-аумақтық құрылымдардың бюджеттерінің, бюджеттік қатынастағы дербес мемлекеттік мекемелер мен қорлардың жиынтығы.

Бюджет жүйесі бюджеттік қатынастар, бюджет түрлері, оларды қарастыру, атқару әдістері мен тәсілдерінің және оларды басқару органдарының жиынтығы. Бюджеттік жүйе негіздерін бюджеттік қатынастар жиынтығы, ал қондырманы бюджет түрлері, қаржы ресурстарын басқару органдары құрайды.

Бюджет жүйесі ұлттық экономиканың мемлекетке бюджеттік қызметтерді алушылардың тек қана ағымды қажеттілігін қамтамасыз етумен қатар, әлеуметтік-экономикалық дамудың тактикалық тапсырмаларын шешуге, мақсатты бағдарламалар мен ұлттық жобаларды іске асыруға мүмкіндік беретін «қан айналу жүйесі» болып табылады.

Барлық деңгейдегі бюджеттердің реттеуші кірістерді пайдалану, мақсатты және аумақтық бюджеттік қорларды құру, олар-

ды қайта бөлу арқылы қарым-қатынасы бірыңғай әлеуметтік-экономикалық, қаржы, салық саясаттары арқылы іске асырылатын бірыңғай бюджет жүйесін қамтамасыз етеді.

Бюджет жүйесінің құқықтық негізін ҚР Конституциясы, ҚР Бюджеттік кодексі, ҚР «\_\_ жылға республикалық бюджет туралы» Заңы, облыстық бюджеттер туралы облыстық маслихаттар шешімдерін құрайды.

Бюджет жүйесі келесі мінездемелерге ие:

- тұйықталмаған, яғни ашық: оған ақшалай қаражаттар «бюджетті толтырушылардан», яғни салықты төлеушілерден тыс түседі;
- үлкен, яғни өз кезегінде жергілікті бюджеттің бірнеше қосалқы жүйелерінен тұратын, бірнеше ондаған қосалқы жүйелерден тұрады;
- иерархиялық, яғни жоғарыда көрсетілген қосалқы жүйелердің элементтерінің өзара байланысы жеткілікті нақты құрылымдандырылған және жоғары қосалқы жүйенің басқарушы импульсіне тұрақты тәуелділікте қызмет етеді;
- нақты, оның құрамында бірнеше қосалқы жүйелер болса да, бірыңғай болып табылады;
- ҚР субъектілері тең бюджеттік құқық пен міндеттерге ие деп қарастырылады;
- басқа жүйелермен өзара байланыста болады, олар: салық, банк, сақтандыру, қор және бірқатар басқа жүйелер;
- базалық болып табылады, яғни банк, салық, сақтандыру және қор жүйелері тек қана мемлекеттің болған кезінде ғана қызмет еткендіктен қаржы жүйесіне ядроны құрайды;
- жүйе шеңберіне азаматтардың жоғарыда аталған экономикалық мүдделерін қоғамда саяси келісім болғанда біріктіреді;
- бір уақытта басқару объектісі және субъектісі ретінде де қатысады, яғни бір жағынан мемлекет оның қызметін реттеуді іске асырады, ал келесі жағынан – оның өзі оған енетін элементтерді – бюджетті алушыларды дамытуға бағыттайды.


Бюджет және салық жүйелері тек өзара тығыз байланысты ғана емес, сонымен қатар бірдей элементке ие. Осындай біркелкі жүйенің элементтері болып «бюджетті толықтырушылар» да, «бюджетті алушылар» да, яғни барлық заңды тұлғалар табылады.

ҚР тәуелсіз, егеменді, біртұтас мемлекет болып табылады, екі деңгейлі бюджет жүйесіне ие:

республикалық деңгей;

жергілікті деңгей.

Осылайша, ҚР мемлекеттік бюджет құрамына келесілер енеді (15-сурет):



15-сурет. ҚР мемлекеттік бюджет түрлері мен деңгейлерінің сипаты.

Ескерту: автормен құрастырылған.

1. Республика бюджеті ҚР бюджет жүйесінің негізгі буыны ретінде республикалық бюджет пен қалалар бюджетін қамтиды.

2. Жергілікті бюджет:

- республикалық маңызы бар қалалар бюджеті қала бюджеті мен аудан бюджеттерін қамтиды;
- облыс бюджеті облыстық бюджетті, облыстық маңызы бар қалалар бюджетін және облыс аудандары бюджеттерін қамтиды;
- облыстық маңызы бар қала бюджеті қала және қала аудандары бюджеттерін қамтиды;

- аудан бюджеті аудан және аудандық бағыныштылықтағы қала бюджеттерін қамтиды;
- Астана бюджеті астана аудандары бюджеттерін қамтиды.

3. Төтенше мемлекеттік бюджет (төтенше немесе әскери жағдайда).

4. Мемлекеттік бюджет құрамында келесілер шоғырланады:

- ҚР мемлекеттік зейнетақы қоры;
- Мемлекеттің әлеуметтік қатамасыз ету қоры;
- ҚР Ұлттық қоры ;

Мақсатты мемлекеттік қорлар заңнамамен анықталады.

ҚР келесі деңгей бюджеттері бекітіледі, атқарылады және дербес болып табылады:

- Республикалық бюджет;
- Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеті;
- Аудан бюджеті, облыстық маңызы бар қала.

Қазақстан Республикасында белгілі жағдайларда төтенше мемлекеттік бюджет әзірленеді, бекітіледі және атқарылады.

Мемлекеттік бюджет – қаржы жүйесінің алдыңғы буыны. Ол мемлекеттің басты кірістері мен шығыстарын біріктіреді. Бюджет – әрекеттегі негізгі қаржы категорияларының бірлігі, яғни бюджет арқылы ресурстарды тұрақты жұмылдыру мен оларды жұмсау іске асырылады.

Мемлекеттік бюджет заң күші бар, ағымды жылға мемлекеттің негізгі қаржы жоспарын көрсетеді. Бюджет биліктің заң шығарушы органы – ҚР Парламентімен бекітіледі.

**Республикалық бюджет** болып Салық кодексімен анықталған, салық және басқалай төлемдер есебінен қалыптасатын және орталық мемлекеттік органдардың, оларға бағынышты мемлекеттік мекемелердің тапсырмалары мен функцияларын қаржылық қатамасыз етуге арналған және мемлекеттік саясаттың жалпы республикалық бағытын іске асырудың орталықтандырылған ақшалай қорлары табылады. Сәйкес қаржы жылына республикалық бюджет Қазақстан Республикасының заңымен бекітіледі. Республикалық бюджет – бюджет жүйесінің басты буыны. Ол

мемлекеттің ақшалай қаражаттарының орталықтандырылған қорларының құрылуы мен пайдаланылуын шарттастырады, экономикалық ақша қатынасын сипаттайды.

Республикалық маңызы бар қаланың, астананың **облыстық бюджеті** болып Салық кодексімен белгіленген салықтық және басқадай түсімдер есебінен қалыптасатын және облыстық деңгейдегілердің, республикалық маңызы бар қалалардың, астаналардың, оларға бағынышты мекемелердің тапсырмалары мен функцияларын қаржылық қамтамасыз етуге және сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктердің мемлекеттік саясатын іске асыруға арналған орталықтандырылған ақшалай қоры болып табылады. Сәйкес жылға арналған облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала бюджеті, облыс, республикалық маңызы бар қала, астана маслихаты шешімімен бекітіледі.

**Аудан бюджеті** (облыстық маңызы бар) болып осы кодексмен белгіленген, салықтық және басқалай түсімдер есебінен қалыптасатын және ауданның жергілікті мемлекеттік органдарының (облыстық маңызы бар қала), оларға бағынышты мемлекеттік мекемелердің тапсырмалары мен функцияларын қаржымен қамтамасыз етуге және сәйкес ауданда (облыстық маңызы бар қала) мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған орталықтандырылған ақшалай қор болып табылады. Сәйкес қаржы жылына аудан бюджеті (облыстық маңызы бар қала) аудан (облыстық маңызы бар қала) маслихатының шешімімен бекітіледі.

**Төтенше мемлекеттік бюджет** республикалық және жергілікті бюджет негізінде қалыптасады және Қазақстан Республикасында төтенше жағдай немесе әскери жағдайда енгізіледі. Төтенше мемлекеттік бюджет бюджеттік жоспарлау бойынша орталық өкілетті органмен әзірленеді және ҚР заңдылығымен, ҚР Президентінің Жарлығымен бекітілген тәртіп бойынша бекітіледі. Төтенше мемлекеттік бюджетті енгізуге немесе тоқтауға ҚР Президентінің ҚР аумағында төтенше немесе әскери жағдайды енгізу немесе тоқтату туралы жарлығы негіз болады. Төтенше мемлекеттік бюджетті қабылдау туралы шешім қабылдау ҚР Парламентіне тез арада хабарландырылады. Төтенше мемлекеттік бюджет әрекеті уақытында сәйкес қаржы жылына республикалық

бюджет туралы заң әрекеті мен сәйкес қаржы жылына жергілікті бюджеттің барлық деңгейінің бюджеттері туралы маслихаттардың шешімі уақытша тоқтатылады.

Төтенше мемлекеттік бюджет төтенше немесе әскери жағдай енгізілген уақытта әрекет етеді. Төтенше мемлекеттік бюджет әрекеті тоқталығаннан кейін республикалық және жергілікті бюджеттердің атқарылуы сәйкес қаржы жылына республикалық бюджет туралы заң әрекеті мен сәйкес қаржы жылына жергілікті бюджеттің барлық деңгейінің бюджеттері туралы маслихаттардың шешіміне сәйкес жүзеге асырылады. Қазақстан Республикасының жекелеген жерлерінде төтенше жағдайды енгізу жағдайында төтенше мемлекеттік бюджет енгізілмейді.

Қазақстан Республикасының бірнеше аймағында төтенше жағдайды енгізу төтенше мемлекеттік бюджетті енгізуге, төтенше жағдайдың салдары республиканың ұлттық мүддесі мен экономикалық қауіпсіздігіне нақты қорқыныш туғызған жағдайда ғана негіз бола алады.

Бюджет жүйесін құру принципі, оның буындарының ұйымдастыру нысандары – бюджеттік құрылымды құрайды. Бюджеттік құрылым бюджет жүйесін құруды ұйымдастыру принципін, оның құрылымын, онда біріктірілетін бюджеттің өзара байланысын көрсетеді.

Бюджеттік құрылым – ел аумағында әрекет ететін барлық бюджеттердің жиынтығы.

Бюджеттік құрылым мемлекеттік құрылыммен анықталады. Біртұтас мемлекеттерде бюджеттік жүйе екі буынды қамтиды: республикалық бюджет және көптеген жергілікті бюджеттер.

Біртұтас мемлекеттерде жергілікті бюджеттер өз кірістері және шығыстарымен республикалық бюджетке енбейді.

ҚР бюджет жүйесі қаржы-бюджет саясатын іске асыруға мүмкіндік беретін келесі принциптерде құрылған:

Бірлік принципі біріңғай құқықтық базамен, ақша жүйесінің бірлігімен, біріңғай бюджеттік жіктеме мен құжаттармен, бюджеттік процесс пен құжаттардың біріңғай тәртібі мен бюджеттің бір деңгейінен келесі деңгейіне шоғырландырылған бюджетті құрастыру үшін керекті статистикалық және бюджеттік

құжаттарды берумен, бюджеттік процесстің келісілген принциптерімен, бірінғай әлеуметтік-экономикалық және салық саясаттарымен қамтамасыз етіледі. Ол бюджет жүйесін ұйымдастыру экономикалық орталықтандырудың жоғары дәрежесін көрсетеді. Бірақ ел аумағындағы әрекеттегі мемлекеттік кірістердің жалпы жүйесінің болуынан, мемлекеттік шығыстардың біркелкілігінен көрінеді. Бұл принцип бюджеттік жоспарлау әдістемесі мен ұйымдастыру бірлігін, әлеуметтік-экономикалық болжаумен өзара байланысын кепілдендіреді. Бюджеттің бірлік принципінің тапсырмасы болып бюджет қаражаттары қозғалысына ҚР Парламенті тарапынан тиімді бақылауды белгілеу табылады.

Толықтық принципі ҚР бюджеті мен Ұлттық қорында ҚР заңнамасына сәйкес барлық түсімдер мен шығыстарды сипаттау, есепке алу мен бюджеттік қаражаттарды пайдалана отырып өзара талапқа және бюджеттік қаражаттар бойынша талап құқықтарына шегінуге жол бермеу салдарынан іске асырылады. Толықтық принципі бюджет жүйесінің әрбір буынында кірістер мен шығыстардың толық көлемінде сипатталуын білдіреді. 1998 ж. бастап ҚР мемлекеттік бюджетіне бюджеттен тыс қорлардың қаражаттары қосылған, олар: зейнетақы, әлеуметтік сақтандыру, ұлттық қор.

3. Нақтылық принципі бюджет көрсеткіштерінің әлеуметтік-экономикалық даму болжамының бағыттарына сәйкестігінен көрінеді. Нақтылық бюджетте мемлекеттің қаржылық операцияларын объективті сипаттайтын бюджет көрсеткіштерінің шындығын білдіреді. Нақтылық кірістердің барлық көздерін есептеу мен даму болжамы және бағдарламаларының көрсеткіштеріне сүйенетін және бюджеттік резервтердің болуымен нығайтылатын шығыстар бағытын есептеудің негізділігімен анықталады.

4. Транспаренттілік (жариялылық) принципі ҚР бюджеттік заңнама облысындағы нормативтік-құқықтық актілерін, ҚР Ұлттық қорын атқару туралы, қалыптастыру мен пайдалану туралы есептерін міндетті түрде жариялауын білдіреді. Мемлекеттік құпия мәліметтер жариялауға жатпайды, ал бюджет процесс қоғам мен БАҚ үшін міндетті түрде ашық болуы тиіс. Жариялылық принципі бекітілген бюджеттерді, сонымен қатар олардың атқарылуы тура-

лы есепті, шоғырландырылған бюджеттің жиынтық есебін жариялауды талап етеді.

5. Бюджеттік қатынастар сферасында мемлекеттік органдармен бұрын қабылданған шешімдердің сақталуы нысандағы бірізділік принципі.

6. Белгілі нәтижеге қол жеткізу немесе бюджет қаражаттарының бекітілген көлемін пайдаланып ең жоғары нәтижені қамтамасыз етуге керекті, бюджеттік қаражаттардың оңтайлы көлемін пайдалана отырып, мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларымен, бюджеттік бағдарламалардың паспорттарымен қарастырылған тікелей және түпкілікті нәтижелерге жетуге бағытталған бюджетті әзірлеу және атқару ретіндегі нәтижелік принципі.

7. Бюджеттің дербестік принципі түсімдерді әртүрлі деңгейдегі бюджет аралығында тұрақты бөлуді белгілеу мен оларды жұмсаудың бағыттарын анықтау, барлық деңгейлердің бюджеттік процесстерін іске асыру құқығына, кірістер мен қалдықтарды алып қоюға, төменгі бюджетке қосымша шығыстарды өтеусіз артуға жол бермеуге негізделеді. Бюджеттердің дербестік принципі кірістердің меншікті көзінің болуымен және оларды пайдалану бағытын анықтау құқығының болуымен қамтамасыз етіледі. Барлық деңгейдегі бюджеттердің дербестігі билік пен басқарудың жергілікті органдарына аймақтың дамуында бастаманы іске асыруға мүмкіндік береді. Жалпы белгілеріне қарамастан бюджеттер дербес болады, кірістердің меншікті және заңмен бекітілген көздеріне, бюджеттік қаражаттарды республика заңдарымен анықталған өкілеттік шеңберінде биліктің сәйкес органының қалауы бойынша пайдалану құқығына ие.

8. Сабактастық принципі – жоспарлы параметрлердің өткен кезеңнің нақты мәліметтерімен байланысы.

9. Нормативтік актілер негізінде жоспарлау ретіндегі негізділік принципі.

10. Уақтылық принципі түсімдерді республикалық және жергілікті бюджеттерге ҰҚ нақты ақшаның бақылаушы шотына және ҚР ҰБ-на Үкімет шотына аударудың уақтылығын білдіреді; бюджеттік қаражаттарды бюджеттік қаражаттарды алушылар шотына нормативтік-құқықтық актілерге сәйкес аудару.

11. Кассаның бюджетке түсетін барлық түсімдердің біріңғай қазынашылық шотқа түсуі мен оның барлық есебін ұлттық валютада іске асырылуы ретіндегі бірлік принципі.

12. Бюджеттік қаражаттардың ең төменгі көлемін пайдалану арқылы ең жақсы нәтижеге қол жеткізу керектігінен, бюджетті әзірлеу мен атқару нысанындағы тиімділік принципі.

13. Түпкілікті нәтижеге жету мен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілеріне шешім қабылдауға жауапкершілікті қамтамасыз етуге бағытталған, басқарушылық шешім қабылдау ретінде жауапкершілік принципі. Жауапкершілік принципі – бюджеттік процеске қатысушыларды ҚР бюджеттік заңнамасын бұзуға жауапкершілікке тарату.

14. Бюджеттік қаражаттардың адресі және мақсатты сипатылық принципі – бюджеттік қаражаттарды мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарымен қарастырылған көрсеткіштеріне жетуге бағыттау.

15. Бюджеттік құрылымның ҚР әкімшілік-аумақтық құрылымына сәйкес келуі. Бұл билік пен басқарудың жергілікті органдарының, оларға аймақта тапсырылған тапсырмаларын жүзеге асыруға жауапкершілігін көтереді.

16. Әртүрлі деңгей бюджеттерінің аймақ экономикасын дамыту бойынша жалпы мемлекеттік тапсырмаларын орындау үшін өзара байланысы.

17. Кірістер мен шығыстар бойынша теңгерімділігі бюджетті атқаруға негізді құрайды.

18. Мемлекеттік кірісті нақты көздер бойынша және шығыстарды бағыттар бойынша жоспарлау экономиканың нақты секторын бюджет кірістерінің басты көзі ретінде дамытуды қамтамасыз етеді. Мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік саясат бағыттары бойынша бөлу.

19. Мемлекеттік бюджет шығыстарын белгіленген бюджеттік ассигнациялар шеңберінде іске асыру, ол мақсатты бағыттылық пен ақшалай қаражаттарды үнемдеуді қамтамасыз етеді.

20. Басымдық принципі – бюджеттік процессті республиканың немесе аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамудың басым бағыттарына сәйкес іске асыру.

Келесілер бюджеттік механизмнің негізгі элементтері болып табылады:

- бюджеттік жоспарлау мен болжау;
- бюджеттік ресурстарды жедел басқару;
- мемлекет шығындарын уақытылы қаржыландыру;
- бюджеттік есепті жүргізу, бюджетті атқару туралы есепті құрастыру;
- бюджеттік атқаруды талдау және бекітілген бюджетке өзгерістер енгізу;
- басқарудың сәйкес деңгейлерінде бюджеттерді қарастыру және бекіту;
- нормативтік-құқықтық, сонымен қатар бюджет жүйесінің қалыпты қызмет ету үшін ақпараттық базаны қалыптастыру.

Бюджет жүйесінің жұмыс істеуінің ұтымды принципіне қарамастан бірқатар мәселелер бар, оларды шешу бюджет жүйесінің сапалық мінездемесін көрсетеді. Оларды шешу үшін елдің бюджет жүйесіне сәйкес заңнаманың өзгерісі негізінде реформалар жүргізіледі.

Бюджет жүйесінің мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық басымдығын сипаттайтын теңестірілген мемлекеттік бюджетті құру мақсатында реформалау жалғасуда.

Мемлекет функцияларын бөлшектеу саясаты жалғасуда және республикалық және бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруға орталық пен аймақтардың жауапкершіліктерін бөлу процесін одан әрі жетілдіру бойынша шаралар іске асырылуда.

Республикалық бюджеттен жергілікті бюджетке субвенцияларды есептеу және оны кері алып қою әдістемесі жетілдіруді талап етеді.

Бюджеттік бағдарламалауды жетілдіру бойынша жұмыстар жалғасуда.

Қаражаттарды тиімсіз жұмсауға жол бермеу мақсатында бюджеттік қаржыландыру басымдықтарын жетілдіру қарастырылуда. Үкімет пен Ұлттық банктің мемлекеттік қарыз бен мемлекет кепілдендірілігін басқару облысындағы жұмыстары жалғасуда.



### Біріңғай бюджеттік сыныптама

Бюджеттің мемлекеттің ақшалай қаражаттарының орталықтандырылған қорларын қалыптастыру және пайдалану жолымен жұмыс істеуі ерекше экономикалық категориялар арқылы іске асырылады, олар ЖІӨ құнын бөлудің жекеленген нысандарын сипаттайтын, бюджет кірістері мен шығыстары. Екі категория да объективті сипатқа ие және қоғамдық тағайындалуы бар:

- кірістер мемлекетті қажетті ақшалай қаражаттарымен қамтамасыз етеді;
- шығыстар орталықтандырылған ресурстарды жалпы мемлекеттік қажеттіліктерге сәйкес бөледі.

Елдің тарихи дамуының әрбір кезеңінде мемлекеттік бюджеттің кірістері мен шығыстарының құрамы мен құрылымы мемлекеттің бюджет және салық саясаттарының бағыттарымен анықталады.

ҚР мемлекеттік бюджет құрылымы объектілерге топтамалық кодтар бере отырып, бюджет түсімдері мен шығыстарын функционалдық ведомстволық және экономикалық сипаттамалар бойынша топтастыратын бюджеттік сыныптама негізінде құрылады. Бюджет процесі біріңғай бюджеттік сыныптама негізінде жүзеге асырылады.

Бюджеттік сыныптама – бұл бюджеттің кірістері мен шығыстарын мемлекеттің қаржы органдарының барлық бюджеттік қызметтерінің негізіне салынған белгілі бір сипаттамалар бойынша жүйелі топтастыру. Бұл бюджет кірістері мен шығыстарын біркелкі белгілер, сонымен қатар барлық деңгейдегі бюджеттер көрсеткіштерін салыстыруды қамтамасыз ететін, бюджеттерді құру мен атқару үшін пайдаланылатын тапшылықты жабу көзі бойынша топтастыру.

Бюджеттік сыныптама бюджеттің мемлекеттің экономикалық және әлеуметтік дамуының жоспарларымен, болжамдарымен, бағдарламаларымен, министрліктер мен ведомстволардың, ұйымдар мен мекемелердің қаржылық жоспарларымен тығыз бай-

ланысты қамтамасыз етеді, жеке сметалар мен қаржы жоспарларын жиынтық сметалар мен жоспарларға біріктіруге мүмкіндік береді, жиынтық жоспарлар арасындығы байланысты қамтамасыз етеді. Осы сыныптамаға сәйкес шығыстар алты бөлімге бөлінеді:

- функционалдық топтар;
- функция;
- функционалдық кіші топтар;
- мекемелер;
- бағдарлама;
- кіші бағдарламалар;

Функционалдық сыныптама шаралар қызметінің түрлері мен бюджеттік қатынастарға қатысушылардың айқара сипатын береді.

Шығыстардың экономикалық сыныптамасы экономикалық белгілер бойынша келесі бөлімдерге бөлінеді:

- санат;
- сынып;
- кіші сынып;
- өзіндік ерекшелік;

Бюджеттік сыныптама автоматтандырылған құралдарды пайдалану арқылы басқарудың жоғарғы жеделдігіне жету үшін түсімдер мен шығыстарды жан-жақты, нақты және адресі жүйелеуге мүмкіндік береді.

Біріңғай бюджеттік сыныптаманы мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді. Оның құрылуы ҚР Бюджет кодексімен регламенттеледі. Бұл құжат барлық деңгей бюджеттерінің салыстырмалылығын қамтамасыз етеді және келісімдерді қамтиды:

1. Бюджет түсімдерін санат, сынып, кіші сынып, өзіндік ерекшелік бойынша топтастырады. Санат шығыстарды экономикалық белгілер бойынша топтастырады, сынып және кіші сынып шығыстарды мемлекеттік мекемелер жүргізетін операциялардың негізгі түрлері бойынша топтастырады, өзіндік ерекшелік бюджеттік бағдарламаны іске асыру үшін мемлекеттік мекеме жүргізетін операцияның түрін айқындайды.

2. Бюджет шығыстарының функционалдық топтар, бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері, бюджеттік бағдарламалар бойынша функционалды сипаттамасы, мұнда бюджеттік бағдар-

ламалар әкімшілерін және бюджеттік бағдарламаларды (кіші бағдарламаларды) топтастыру арқылы жасалатын бюджет шығыстарының ведомстволық сыныптамасы қалыптастырылады. Аталған деңгейлердің үйлесімділігі шығыстардың функционалдық сыныптамасының кодын құрайды. Функционалдық сыныптама қызмет шаралар түрлері мен бюджеттік қатынастарға қатысулардың айқарма мінездемесін көрсетеді.

3. Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін жүзеге асырылатын операцияларды көрсететін экономикалық сипаттамалар бойынша бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасын. Ол санаттан, сыныптан, кіші сыныптан және өзіндік ерекшеліктен тұрады және ағымды шығыстарды, күрделі шығыстарды, несиелерді беруді, қаржыландыруды қамтиды. Сынып және кіші сынып шығыстарды мемлекеттік мекемелер жүргізетін операциялардың негізгі түрлері бойынша топтастырады. Өзіндік ерекшелік бюджеттік бағдарламаны іске асыру үшін мемлекеттік мекеме жүргізетін операцияның түрін айқындайды. Бюджет шығыстарының экономикалық сыныптамасы ерекшеліктерінің құрылымын мемлекеттік жоспарлау жөніндегі орталық уәкілетті орган әзірлейді және бекітеді.

4. ҚР бюджетінің тапшылығын ішкі қаржыландыру көздерінің сыныптамасын.

5. Мемлекеттік бюджет тапшылығын сыртқы қаржыландыру көздерінен сыныптамасын.

6. ҚР мемлекеттік ішкі қарыздар түрлерінің сыныптамасын.

7. Мемлекеттік сыртқы қарыз түрлерінің сыныптамасын.

Атқару кезінде бюджет айқасқан сыныптама түріндегі, екі сыныптаманың бөлімшелерін қамтитын, функционалдық және экономикалық сыныптаманың үйлесімділігін қолданады.

Шығыстар мен бюджетті несиелендіруді ведомстволық сыныптама бойынша атқару бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері бойынша топтастыруды білдіреді.

Республикалық бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып, орталық атқарушы органдар, ал жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері болып әкімдер мен маслихаттар, аппаратты аймақтың осы деңгейіндегі ішкі істер органы табылады.

Бюджеттік бағдарламалар төмендегілерге бағытталуға мүмкін:

- мемлекеттік функцияларды жүзеге асыруға;
- трансферттер (бюджет деңгейлері мен жеке тұлғалар арасында) мен бюджеттік субсидиялар (жеке және заңды тұлғаларға) беруге;
- бюджеттік кредиттер беру (бюджет инвестициялық жобаларды іске асыру, мемлекеттің экономикалық қызметін жүзеге асыру, мемлекеттің инвестициялық саясатын қаржы агенттерімен іске асыру, төмен тұрған бюджеттерінің нақты ақша тапшылығын жабу);
- бюджеттік инвестицияларды жүзеге асыру (инвестициялық жобаларды іске асыру, бюджеттен қаржыландыру, басқа заңды тұлғалардың жарғылық капиталына салым);
- күрделі шығыстарды жүзеге асыру (материалдық-технологиялық базаны нығайту, күрделі жөндеуді жүргізу);
- мемлекеттің міндеттемелерін орындау (хеджирлеу мәмілелері бойынша төлем, заемдарды қайтару, халықаралық ұйымдарға үлестік жарналар, мемлекеттік кепілдеме бойынша міндеттемелерді орындау).

Олардың барлығы мемлекеттік басқару деңгейі бойынша ерекшеленеді. Жеке және бөлінген (бөлуге жататын), ағымды және даму бағдарламалары (бюджеттік инвестициялар) болады.

Бюджет түсімдері кірістерді, бюджеттік кредиттердің өтеу сомасын, мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түскен түсімдерді, заемдарды қамтиды.

Бюджет кірістері келесідей:

- салықтық түсімдер (салықтар және бюджетке төленетін басқа да төлемдер);
- салықтық емес түсімдер (мемлекеттік меншіктен, мүліктен, мемлекеттің кәсіпкерлік қызметінен әкімшілік алымдары мен баж, айыппұлдар мен санкциялар);
- капиталмен операциялардан түскен кірістер (мемлекеттік кәсіпорындардың негізгі капиталын, мемлекеттік кәсіпорындарды, мемлекеттік резервтерді, тауарларды сату, жер телімдерін жекешелендіру, мемлекеттің материалдық емес активтерін сату);

- ішкі және сыртқы көздерден бюджеттің бір деңгейінен келесісіне республикалық бюджетке алынған ресми трансферттер (гранттар).

Бюджеттік кредиттерді өтеу сомалары болып бюджеттен алынған кредиттер бойынша негізгі қарызды және заңды тұлғаларға төленген мемлекеттік кепілдеме бойынша төлеумен байланысты бюджетке түсімдер табылады.

Мемлекеттің қаржылық активтерін сатудан түскен түсімдер – мемлекеттің меншігіндегі заңды тұлғалардың бағалы қағаздарын, қатысу үлестерін сатудан түскен түсімдер табылады.

Бюджетке мемлекеттік эмиссиялық бағалы қағаздарды шығарумен және заемдар келісім шарттарын бекітумен байланысты ақшалардың түсуі заемдар болып табылады.

Шығындар, бюджеттік кредиттер, қаржы активтерін сатып алу, заемдарды өтеу **бюджет шығыстары** болып табылады.

Қайтарымсыз негізде бөлінген **шығындар** келесі функционалдық топтарды қамтиды.

- жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер: заң шығару, атқару органдары, іргелі ғылыми зерттеулер, жалпы сипаттағы басқадай қызметтер;
- қорғаныс;
- қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік, білім беру;
- денсаулық сақтау;
- әлеуметтік көмек және әлеуметтік қамтамасыз ету;
- тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық;
- мәдениет сферасындағы қызмет пен демалысты ұйымдастыру;
- отын-энергетикалық кешен;
- ауыл, су және орман шаруашылығы, балық шаруашылығы, аң аулау және табиғатты қорғау;
- тау өңдеу өнеркәсібі және пайдалы қазбалар;
- көлік және байланыс;
- экономикалық қызметпен байланысты басқадай қызметтер;
- мемлекеттік қарызға қызмет ету, жергілікті бюджеттерге субвенциялар бойынша негізгі топтарға жатпайтын шығыстар, үкіметтің резервтік қоры.

ҚР Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдарының резервтері республикалық және жергілікті бюджеттерді әзірлеу кезінде жоспарланбаған шығындарды қаржыландыру үшін республикалық және жергілікті бюджеттердің құрамында құрылады. Резервтер республикалық үкімет облыстар, қалалар, аудандар деңгейінде құрылады және келесілерді қамтиды:

ҚР аумағында табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды жоюға, басқа мемлекеттерге материалдық көмек көрсетуге төтенше резервті;

ҚР саяси, экономикалық және әлеуметтік тұрақтылығына, адамдар өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін жағдайларды жою үшін кейінге қалдырылмайтын шығындар резервін;

- сот шешімі бойынша міндеттемелерді атқару резервін;
- төменгі тұрған деңгей бюджеттерінің нақты ақша тапшылығын жабу резервін.

Бюджеттен қайтарымдылық, мерзімділік және ақылы негізде бөлінетін ақша бюджеттік кредиттер болып табылады.

Мемлекеттің меншігіне заңды тұлғалардың, оның ішінде халықаралық ұйымдардың қатысу үлесі мен бағалы қағаздарын сатып алуға бағытталған бюджеттік қаражатты қаржы активтерін сатып алу болып табылады.

Негізгі қарызды өтеуге мемлекеттік заемдар туралы халықаралық келісімшартқа, сонымен ішкі заемдар бойынша сәйкес бағытталатын бюджеттік қаражаттар заемдарды өтеу болып табылады.

1. **Таза бюджеттік кредиттеу** (кредиттеу сальдосы) бюджеттен бұрын бюджеттен берілген, бюджет тапшылығына жатқызылған, несиені өтеуден түскен және несиелеу бойынша төлемдерді қамтиды.

2. **Қаржы активтері мен операциялар бойынша сальдо** қаржы активтерін сатып алу мен оларды сатудан түскен түсім арасындағы айырмашылық.

3. **Бюджет тапшылығы (профицит)** шығыс пен кіріс салалары арасындағы айырмашылық қосу кредиттер сальдосы қосу қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо.

4. **Тапшылықты қаржыландыру** (профицитті пайдалану) тапшылықты жабу көзін сипаттайды:

- ішкі – ҚР ҰБ несиелері, мемлекеттік бағалы қағаздар шығару, бюджет қаражаттарының қалдығын пайдалану есебінен түскен түсімдер немесе ҚР ҰБ несиелерін өтеу және мемлекеттік бағалы қағаздарды сатып алу, яғни ішкі мемлекеттік қарызды өтеу;
- сыртқы инвестициялау – халықаралық қаржы ұйымдары мен шетелдік мемлекеттердің түсімі немесе сыртқы мемлекеттік қарызды өтеу.

Ағымды бюджетте әрекеттегі нормалардан шығатын және әлеуметтік қамтамасыздықтың қалыптасқан деңгейіндегі барлық шығындары шоғырландырылған, ал даму бюджеті инвестициялық және инновациялық қызметтер мен басқалай шығындарды қаржыландыруға ассигнациялар қосылады.

Кірістер мен шығыстардың көрсетілген тізімі бюджеттік сыныптамамен анықталады.

ҚР кірістерінің сыныптамасы болып барлық деңгей бюджеттерінің кірістерінің топтамасы табылады және барлық деңгейлердің кірістерінің қалыптасуы көздерін анықтайтын ҚР заңды актілеріне негізделеді. Кірістер тобы оларды алу көздері мен әдістері бойынша кірістердің нақты түрлерін біріктіретін кірістер баптарынан тұрады.

Барлық деңгейдегі бюджеттердің шығыстарының функционалдық сыныптамасы мемлекеттің негізгі функцияларын орындауға қаражаттардың бағытталуын көрсетеді. Бөлімдер бөлімшелерге бөлінеді.

ҚР бюджеттерінің шығыстарының экономикалық сыныптамасы – бұл бюджеттер шығыстарын, олардың экономикалық мазмұны бойынша топтастыру. Ол шығыстардың экономикаға әсер етуін талдау үшін керек:

- мемлекеттік қызметкерлердің жалақысы;
- экономиканың басқа секторларынан тауарлар мен қызметтерді сатып алу;
- тұрғындарға әлеуметтік төлемдер;
- капиталмен активтерді қалыптастыру;
- мемлекеттік қарыздарды өтеу.

Бюджеттік сыныптама тек қана барлық бюджетті Қазақстан Республикасының біріңғай шоғырландырылған бюджетіне жинақтауға мүмкіндік беретін маңызды ұйымдастыру функциясын орындайтын құжат қана емес, сонымен қатар үлкен экономикалық және құқықтық мәнге ие. Ол барлық мемлекеттік мекемелердің шығыстар сметаларын әзірлеуге, экономикалық және әлеуметтік дамудың мемлекеттік жоспарларын бюджетпен байланыстыруға мүмкіндік береді. Бюджетті атқару процесінде бюджеттік сыныптама қаржы, салық, банк органдарының бюджетке кірістердің түсуі мен көрсетілген көлемде қаражаттардың жұмсалуды бойынша жұмысын ұйымдастыруға көмек береді.

Бірқатар мемлекеттерде мемлекеттік бюджеттің шығыс бөлігін ағымды шығындар бюджеті мен даму бюджетіне бөлу тәжірибесі қолданады.

Даму бюджетіне инвестициялық және инновациялық қызметін, ұдайы өндірісті кеңейтумен байланысты басқадай шығындарды қаржыландыруға ассигнациялауды жағқызады. Ағымды бюджетте әрекеттегі норма мен қамтамасыздықтың қалыптасқан деңгейімен шыққан барлық шығыстар шоғырландырылған. Ол толығымен бюджетте шоғырландырылатын, халықтың түсімдері мен ақшалай жинақтардың өсімі есебінен теңестірілген.

8-кестеде бюджеттік сыныптама үлгісі көрсетілген. Онда салықтық емес түсімдер құрамынан капиталмен операциядан түскен кірістер ерекшеленген.

8-кесте. 2004 жылдың қаңтар-сәуір айы аралығында ОҚО бюджетіне түсімдер жоспарын орындауы (мың теңге)

сыныптама	Под-класс	Специфика	Атауы	Қаңтар-сәуір 2004 ж.		
				жоспар	факт	%
				4	5	6
1	2	3	4	5	6	7
			<b>САЛЫҚТЫҚ ТҮСІМДЕР</b>	<b>6297381</b>	<b>6345817</b>	<b>100,8</b>
1			Кірістерге табыс салығы	1139414	1134256	99,5
	2		Жеке табыс салығы	1139414	1134256	99,5

## Кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
		1	Төлем көзінен салық салынатын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	975946	966037	99,0
		2	Төлем көзінен салық салынбайтын табыстардан ұсталатын жеке табыс салығы	77429	81484	105,2
		3	Қызметін біржолғы талон бойынша жүзеге асыратын жеке тұлғалардан алынатын жеке табыс салығы	86039	86735	100,8
3	1	1	Еңбекақы қорына әлеуметтік салық	2832444	2687964	94,9
4			Меншікке салынатын салықтар	514963	549742	106,8
	1		Мүлікке салынатын салықтар	302128	308071	102,0
		1	Заңды тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	268168	271560	101,3
		2	Жеке тұлғалардың мүлкіне салынатын салық	33960	36511	107,5
	3		Жер салығы	103310	111052	107,5
		1	Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерге алынатын жер салығы	0	0	
		2	Елді мекендер жерлеріне алынатын жер салығы	0	0	
		3	Өнеркәсіп, көлік, байланыс, қорғаныс жеріне және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерге салынатын жер салығы	0	0	
		4	Орман қорының жерлеріне салынатын жер салығы	0	0	
		5	Су қорының жерлеріне салынатын жер салығы	0	0	
	4		Көлік құралдарына салынатын салық	94435	113405	120,1
		1	Заңды тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	36765	46466	126,4
		2	Жеке тұлғалардан көлік құралдарына салынатын салық	57670	66939	116,1
	5	1	Бірыңғай жер салығы	15090	17214	114,1

## Кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
5			Тауарларға, жұмыстарға және қызметтерге салынатын ішкі салықтар	1674255	1817561	108,6
	2		Акциздер	1442449	1553366	107,7
		1	Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген спирттің барлық түрлері	0	830	
		2	Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген арақ	22	21	95,5
		3	Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген этил спиртінің көлемдік үлесі 30-дан 60 пайызға дейін күшті ликер-арак бұйымдар	0	9	
		4	Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шараптар	811	1009	124,4
		5	Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген коньяк, бренди (отандық өндірістің коньяк спиртінен өндірілген коньяктан, брендиден басқа)	0	0	
		7	Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген сыра	105478	108174	102,6
		8	Күшейтілген сусындар мен бальзам	0	140	
		10	Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген фильтрлі сигареттер	63454	64473	101,6
		18	Қазақстан Республикасының аумағында өндірілген шарап материалдары	5270	9728	184,6
		21	Атыс және газ қаруы		2	
		23	Ойын бизнесі	653	1001	
		24	Лотереяларды ұйымдастыру және жүргізу	0	836	
		30	ҚР аумағында өндірілген бензин (авиациялықтан басқа), түпкілікті тұтынудың арнайы жабдықталған стационарлы бекеттерінде өткізілетіннен басқа	1881098	1857305	98,7

Кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
		31	ҚР аумағында өндірілген бензин (авиациялықтан басқа), түпкілікті тұтынудың арнайы жабдықталған стационарлы бекеттерінде өткізілетін	159741	161400	101,0
		32	ҚР аумағында өндірілген дизельді отын, түпкілікті тұтынудың арнайы жабдықталған стационарлы бекеттерінде өткізілетіннен басқа	295722	296400	100,2
		33	ҚР аумағында өндірілген дизельді отын, түпкілікті тұтынудың арнайы жабдықталған стационарлы бекеттерінде өткізілетін	13221	25955	196,3
		34	Заңды және жеке тұлғалар көтерме саудада өткізетін бензин (авиациялықты қоспағанда)		12	
	3		Табиғи және басқа да ресурстарды пайдаланғаны үшін түсетін түсімдер	169897	189291	111,4
		3	Жер бетіне жақын көздердегі су ресурстарын пайдаланғаны үшін төлем	11855	13084	110,4
		4	Орманды пайдаланғаны үшін төлем	944	1499	158,8
		14	Жергілікті маңызы бар ерекше қорғалатын табиғи аумақтарды пайдаланғаны үшін төлем		7	
		15	Жер учаскелерін пайдаланғаны үшін төлем	36558	40834	111,7
		16	Қоршаған ортаны ластағаны үшін төлем	120540	133867	111,1
	4		Кәсіпкерлік және кәсіби қызметті жүргізгені үшін алынатын алымдар	61909	74904	121,0
		1	Жеке кәсіпкерлерді мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	10700	12071	112,8
		2	Жекелеген қызмет түрлерімен айналысу құқығы үшін алынатын лицензиялық алым	7052	8861	128,7

Кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
		3	Заңды тұлғаларды мемлекеттік тіркегені және филиалдар мен өкілдіктерді есептік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	6753	9511	140,8
		4	Аукциондардан алынатын алым	170	399	234,7
		10	Жергілікті маңызы бар ақылы мемлекеттік автомобиль жолдары бойынша жүргені үшін алынатын алым			
		14	Механикалық көлік құралдарын мемлекеттік тіркегені, сондай-ақ оларды қайта тіркегені үшін алым	3082	3703	120,1
		18	Жылжымайтын мүлікке және олармен мәміле жасау құқығын мемлекеттік тіркегені үшін алынатын алым	25208	30118	119,5
		20	Жергілікті маңызы бар және елді мекендердегі жалпы пайдаланудағы автомобиль жолдарының бөлу жолағында сыртқы (көрнекі) жарнамаларды орналастырғаны үшін алынатын төлем	8937	10233	114,5
7	1	10	Жергілікті бюджетке түсетін өзге де салық түсімдері	7	8	114,3
8			Заңдық мәнді іс-әрекеттерді жасағаны және (немесе) оған уәкілеттігі бар мемлекеттік органдар немесе лауазымды адамдар құжаттар бергені үшін алынатын міндетті төлемдер	136305	156296	114,7
		1	Мемлекеттік баж	136305	156296	114,7
		2	Сотқа талап арыз беруге алынатын мемлекеттік баж	0	0	
		3	Нотариалдық іс-әрекетті жүргізгені үшін алынатын мемлекеттік баж	0	0	

Кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
		4	Азаматтық хал актілерін тіркегені үшін, мемлекеттік баж	0	0	
		5	Шетелге баруға және Қазақстан Республикасына басқа мемлекеттерден адамдарды шақыруға құқық беретін құжаттарды ресімдегені үшін, сондай-ақ осы құжаттарға өзгерістер енгізгені үшін мемлекеттік баж	0	0	
		6	Шетелдіктердің паспорттарына немесе оларды ауыстыратын құжаттарына Қазақстан Республикасынан кету және Қазақстан Республикасына келу құқығына виза бергені үшін мемлекеттік баж	0	0	
		7	Қазақстан Республикасының азаматтығын алу, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру және Қазақстан Республикасының азаматтығын тоқтату туралы құжаттарды ресімдегені үшін мемлекеттік баж	0	0	
		8	Тұрғылықты жерін тіркегені үшін мемлекеттік баж	0	0	
		9	Аңшы куәлігін бергені және оны жыл сайын тіркегені үшін мемлекеттік баж	0	0	
		10	Жеке және заңды тұлғалардың азаматтық қызметтік қаруының (аңшылық суық қаруды, белгі беретін қаруды, ұңғысыз атыс қаруын, механикалық шашыратқыштарды, көзден жас ағызатын немесе тітіркендіретін заттар толтырылған аэрозольді және басқа құрылғыларды, үрлемелі қуаты 7,5 Дж-дан аспайтын пневматикалық қаруды қоспағанда және калибрі 4,5 мм-ге дейінгілерін қоспағанда) әрбір бірлігін тіркегені және қайта тіркегені үшін алынатын мемлекеттік баж	0	0	

Кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
		11	Қр азаматтарға төлқұжат пен жеке басын куәландыратын куәлікті бергені үшін мемлекеттік баж	0	0	
			<b>САЛЫҚТЫҚ ЕМЕС ТҮСІМДЕР</b>	50073	68496	136,8
1			Кәсіпкерлік қызмет пен мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	8781	11691	133,1
	1	2	Коммуналды мемлекеттік кәсіпорындардың пайдасының үлесі		870	
	2		Заңды тұлғалар мен қаржылық ұйымдардан түсетін салықтық емес түсімдер	8781	11691	133,1
		15	Коммуналдық меншіктегі акциялардың мемлекеттік пакетіне берілетін дивидендтер			
		14	Коммуналдық меншіктегі иесіз мүлікті белгіленген тәртіпте сатудан түскен түсімдер			
1	3	4	Жер учаскелерін жалға беруден түсетін төлемдер	57	58	0,0
	3	18	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекеменің иелігіндегі мүлікті сатудан түскен түсімдер			
		29	Коммуналдық меншіктегі мүлікті жалдаудан түсетін кірістер	8060	9830	122,0
			Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелердің дебиторлық, депоненттік берешегінің түсімі			
	3	3	Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік мекемелер көрсетегін қызметтерді сатудан түсетін түсімдер	664	1803	271,5
2			Әкімшілік алымдар мен төлемдер, коммерциялық емес және ілеспе сатулардан түскен кірістер	346	1106	319,7
	1		Әкімшілік алымдар	289	444	153,6
		3	Коммерциялық емес және ілеспе сатулардан түсетін басқалай төлемдер мен кірістер			

Кестенің жалғасы

1	2	3	4	5	6	7
		9	Түзету жұмыстарына сотталғандардың еңбекақысынан ұсталатын түсімдер	68	109	160,3
		13	Жылжыттын мүлік кепілдігін тіркеу үшін төлем	221	335	151,6
	3		Коммерциялық және ілеспе сатулардан түсетін басқалай төлемдер мен кірістер	57	662	1161,4
		4	Мемлекеттік сатып алулары жүргізуден түсетін түсімдер	57	662	1161,4
		6	Белгілі тәртіпте коммуналды меншікке қайтарымсыз өткен, иесіз мүлікті өткізуден түсетін түсімдер			
3			Айыппұлдар мен санкциялар бойынша түсімдер	35925	40121	111,7
	1		Айыппұлдар мен санкциялар бойынша түсімдер	35925	40121	111,7
		2	Медианалық айықтырғышқа орналастырылған тұлғалардан түсетін төлемдер	3722	3418	91,8
		3	Стандарттың сәйкес талаптары мен сертификаттау талаптарына сәйкес келмейтін жұмыстар мен қызметтерді өткізуден алынған кірістің сомасының түсуі			
		3	Өнімді өткізуден түскен кірістердің сомасының түсуі			
		10	Табиғат қорғау заңдылығын бұзғаны үшін айыппұлдар	2864	2961	103,4
		11	Әкімшілік айыппұлдар мен санкциялар (салық органдары салатындардан басқасы)	28391	31943	112,5
		13	Басқалай санкциялар мен айыппұлдар	67	126	188,1
		14	Лицензиялық тәртіп белгіленген қызметті лицензиясыз орындаудан алынған кірістерді алып қоюдан түсетін түсімдер			

Кестенің соңы

1	2	3	4	5	6	7
4	8	1	Кіші және орта кәсіпкерлік несиелері бойынша сыйақылар	881	1673	189,9
5			Басқалай салықтық емес түсімдер	5021	14708	292,9
	1		Басқалай салықтық емес түсімдер	5021	14708	292,9
		5		18	65	361,1
		10	Басқалай салықтық емес түсімдер	4538	11970	263,8
		24				
		26		465	2673	574,8
			Капиталмен операциялардан түсетін кірістер	126521	180855	142,9
1	1	3	Мемлекеттік мекемелерге бекітілген мемлекеттік мүлікті сату	200	16523	8261,5
		5	Аймақтарды қамтамасыз етуге бекітілген астықты сатудан түскен түсім			
3	1	3	Жер учаскелерін және жер учаскелерін жалдау құқығын сатқаны үшін төлем	126321	164332	130,1
			Барлығы	6473975	6595170	101,9

Ескерту: ОҚО Қаржы департаментінің мәліметтері

15.3.

### Бюджет жүйесін басқарудың негізгі органдары мен бюджеттік процесс

Бюджеттік процесс – бұл сәйкес бюджетті құрастыру, қарастыру, бекіту және пайдалану бойынша мемлекеттік және жергілікті билік органдарының заңмен регламенттелетін қызметі. Ол келесі кезеңдерді қамтиды:

- бюджет жобасын құрастыру;
- бюджетті қарастыру және бекіту;
- бюджетті атқару;

- бюджеттің атқарылуы туралы есепті құрастыру;
- бюджетті атқару туралы есепті бекіту.

Бюджеттік процеске қатысушылар:

- Ел Президенті;
- заң шығарушы (өкілетті) билік органдары;
- атқарушы билік органдары;
- ақша несиелік реттеу органдары;
- мемлекеттік қаржылық бақылау органдары;
- мемлекеттің бюджеттен тыс қорлары;
- бюджеттік қаражаттарды бөлушілер, бюджеттік мекемелер;
- мемлекеттік кәсіпорындар;
- бюджеттік қаражаттарды алушылар;
- бюджет қаражаттарымен жұмыс істейтін несие ұйымдары.

Белгіленген заңнамаға сәйкес бюджет жүйесін басқару билік және басқару органдарымен жүзеге асырылады:

1. ҚР министрлер кабинеті:

- мемлекеттік бюджет жобасын әзірлеу және оны ҚР парламентіне ұсынуды ұйымдастырады;
- мемлекеттік бюджеттің атқарылуын ұйымдастырады;
- ҚР Қаржы министрлігінің және басқарудың басқа органдарының мемлекеттік бюджетті атқару бойынша жұмысын үйлестіреді және бақылайды;
- мемлекеттік мақсатты қорлардың қаражаттарын қалыптастыру мен пайдалану тәртібін анықтайды, Парламентке мемлекеттік бюджетті атқару туралы есепті қарастырады және бекіту үшін парламентке ұсынады.

2. ҚР Қаржы министрлігі және олардың жергілікті органдары:

- мемлекеттік бюджет жобасын қалыптастырады;
- мемлекеттік бюджет пен оның құрылымының барлық элементтеріне қаражаттардың түсу және жұмсалыу тәртібін анықтайды және оған бақылауды жүзеге асырады;
- бюджетке кірістер мен басқалай міндетті төлемдерді жинауды жүзеге асырады;
- мемлекеттік бюджеттің шығыстарын жүзеге асырады;
- бюджеттік мекемелердің шығыстар сметасы мен штаттық кестесін тіркейді;

- бюджеттік қаражаттарды алушылардың мемлекеттік бюджет қаражаттарын пайдалану тәртібін регламенттейтін заңға тәуелді актілерді әзірлейді.

Бюджеттік процессте келесідей құжаттар пайдаланылады:

ҚР немесе аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен бюджеттік бағдарламаларының дамуы (макрокөрсеткіштер, әлеуметтік параметрлерінің болжамы, 5 жылға әлеуметтік-экономикалық дамудың басымдылықтары, ҚР салық-бюджет саясатының негізгі бағыттары, бюджеттер болжамы, бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бойынша болжанатын шығындар);

- республикалық бюджет туралы заң, маслихаттардың жергілікті бюджет туралы шешімі;
- мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарлары;
- операциялық жоспарлар.

Бюджеттік комиссия бюджет жобасын уақытылы және сапалы әзірлеуді және бюджетті нақтылау мен орындау бойынша ұсыныстарды жасауды қамтамасыз ету мақсатында құрылады. Мұндай комиссиялар республика, облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана, аудан (облыстық маңызы бар қалалар) деңгейінде тұрақты негізде әрекет етеді.

Республикалық және жергілікті бюджеттер жоспарлы кезеңге мемлекеттік жоспарлау бойынша өкілетті органдармен әлеуметтік-экономикалық даму және бюджеттік параметрлер болжамын есепке ала отырып жыл сайын әзірленеді. Бюджет шығыстарын жоспарлау үшін бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджеттік тапсырысты қажеттілікті негіздеу есептерінен, стратегиялық жоспарлар жобасы мен өткен кезеңге стратегиялық жоспарды іске асыру туралы есепті және түсіндірме жазбаны қоса ұсынады.

Мемлекеттік жоспарлау бойынша орталық немесе жергілікті өкілетті органдар стратегиялық жоспарлар болжамы мен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің бюджеттік тапсырыстарын, олардың стратегиялық және бағдарламалық құжаттарға, әлеуметтік-экономикалық даму болжамы мен бюджеттік параметрлерге, мемлекеттік қызметтердің әрекеттегі нормалары мен стандарттарына сәйкестігін анықтау мақсатында қарастырады және өңдеуге жібереді. Ал соңынан оны бюджет жобасын құруға пайдаланылады.

Республикалық бюджет жобасын әзірлеу ағымды жылдың I тамызында аяқталады. Оның мәтіні төмендегілерді қамтуы керек:

- кірістер, трансферттер, таза бюджеттік кредиттер, қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо, бюджет тапшылығы мен оның қаржыландыру көлемін;
- жалақының, зейнетақының ең төменгі мөлшерін, өмір сүрудің ең төменгі деңгейінің айлық есептік көрсеткішін, мемлекеттік базалық зейнетақы көлемін;
- жергілікті бюджеттерден республикалық бюджетке бюджеттік алып қоюлар көлемін;
- республикалық бюджеттен жергілікті бюджеттерге бюджеттік субвенцияларының көлемін;
- ҚР мемлекеттік кепілгерлігін беру лимитін;
- мемлекет кепілдемесін беру лимитін;
- Үкімет қарызының лимитін;
- ҚР Үкіметтің концессиондық міндеттемелерінің лимитін.

Республикалық бюджет туралы заң жобасына біріңғай бюджеттік сыныптамағы сәйкес республикалық бюджет жобасы, ҚР ҰҚ түсімдер көлемі, қысқартуға жатпайтын республикалық және жергілікті бюджеттік бағдарламалар тізімі және басқалай мәліметтер қоса беріледі. Бюджет тапшылығының мөлшері ақшалай сипатта және жалпы ішкі өнімге пайыздық қатынаста көрсетіледі. Республикалық бюджет туралы заң жобасы үкіметке (министрлер кабинеті) ағымды жылдың 15 тамызына дейін беріледі.

Мемлекеттік жоспарлау бойынша жергілікті өкілетті орган облыстық бюджеттің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің жобасын әзірлейді және оны аймақтың бюджеттік комиссиясының қарауына ұсынады, ол 15 қыркүйекке дейін аяқталуы керек. Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттері туралы шешім жобасының мәтіні келесілерді қамтиды:

- кірістер, трансферттер, таза бюджеттік кредиттер, қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо, бюджет тапшылығы мен оның қаржыландыру көлемін;
- жалақының, зейнетақының ең төменгі мөлшерін, өмір сүрудің ең төменгі деңгейінің айлық есептік көрсеткішін, мемлекеттік базалық зейнетақы көлемін;

- жергілікті бюджеттерден (облыстық маңызы бар қалалар) облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлар көлемін;
- облыстық бюджеттен аудан бюджеттіне (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттік субвенцияларының көлемін;
- облыстар, республикалық маңызы бар қалалар, астана және т.б. резервтер мөлшерін.

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттері туралы шешім жобасына бюджет жобасы, қысқартуға жатпайтын жергілікті бюджеттік бағдарламалар тізімі; республикалық маңызы бар қалалар, астана бюджеттеріне ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін сатудан түскен түсімдер көлемі; қаланың әрбір ауданның бюджеттік бағдарламалары, бюджеттің ақшалай сипаттағы тапшылығы қоса беріледі. Аталған жоба облыстық маслихатқа ағымды жылдың I қазанына дейін ұсынылу керек.

Мемлекеттік жоспарлаудың жергілікті атқарушы органы аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджеті жобасын құрастырады және ауданның бюджеттік комиссиясына қарастыруға ұсынады, ол ағымды жылдың I қазанына дейін аяқталуы керек.

Аудан бюджеті (облыстық маңызы бар қала) туралы маслихат шешімі жобасының мәтіні келесілерді мазмұндау керек:

- кірістер, трансферттер, таза бюджеттік кредиттер, қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо, бюджет тапшылығы мен оның қаржыландыру көлемін;
- аудан бюджеттерінен (облыстық маңызы бар қалалар) облыстық бюджетке бюджеттік алып қоюлар көлемін;
- облыстық бюджеттен аудан бюджеттіне (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттік субвенцияларының көлемін;
- аудандардың резервтер мөлшерін.

Аудан (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеті туралы шешім жобасына аудан бюджеті жобасы; секвестрлеуге жатпайтын бюджеттік бағдарламалар тізімі; аудан бюджетіне ауыл шаруашылығы мақсатындағы жер телімдерін сатудан түскен түсімдер көлемі, қала аудандарына, ауылдардың бюджеттік бағдарламалары және т.б. қосылады. Аталған жоба аудандық маслихатқа ағымды жылдың 15 қазанына дейін ұсынылуы керек.

Үкімет (Министрлер кабинеті) қарастыру мен түзетуден кейін «\_\_ жылға республикалық бюджет туралы» заң жобасын ҚР Парламентіне ұсынады, оған әлеуметтік-экономикалық даму болжамдары, орталық мемлекеттік органдардың стратегиялық жоспарларының жобалары, ҚР мемлекеттік қарыз жағдайы туралы мәліметтер қоса беріледі. Жоба алдымен мәжілісте, соңынан сенатта қарастырылады және ағымды жылдың 15 желтоқсанына дейін бекітіледі.

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің жобасы аудан маслихатына 15 қазанға дейін, ал аудан (облыстық маңызы бар қала) бюджетінің жобасы ағымды жылдың 1 қарашасына дейін енгізіледі.

Облыстық бюджет, республикалық маңызы бар қала, астананың облыстық бюджеті ҚР Президенті республикалық бюджет туралы заңға қол қойғаннан кейін екі апталық мерзімде бекітілуі, ал аудан бюджеті облыстық маслихаттың облыстық бюджет туралы шешімді бекіткеннен кейін екі апталық мерзімде бекітілуі керек.

Бюджеттердің жобасын қарастырудың негізгі принциптері келесілер:

- негізділік принципі шығындарды және оларға есептеулердің қажеттілігін білдіреді;
- бюджеттің теңгерімділігі бюджеттің нормативті тапшылығын сақтау үшін түсім көздері немесе шығыстардың қысқаруын анықтаудың қажеттілігін білдіреді;
- барлық бюджеттердің бірлігі, нақтылығы, жариялылығы, даралығы.
- өкілеттілік және атқарушы билік органдары арасындағы күзиреттілікті шектеу;
- бюджеттік көрсеткіштерді (көздер бойынша кірістер – мақсатты бағыты бойынша шығыстар).

ҚР Үкіметі мен жергілікті атқарушы органдар бюджетті бекіткеннен кейін екі апталық мерзімде 1 қаңтарға дейін республикалық және жергілікті бюджет туралы заңды іске асыру туралы қаулыны бюджеттік инвестициялық жобалар, мемлекеттік тапсырмалар, нысаналы трансферттер мен несие-лер қосымшасымен қабылдап және оларды сәйкес деңгейдегі бюджетті атқару бойынша органға ұсынады.

Бюджетке түсімдерді қамтамасыз ету, бюджеттік бағдарламаларды іске асыру, бюджет тапшылығын қаржыландыру бойынша шаралар кешенін орындау бюджеттің атқарылуы болып табылады. Атқару ағымды қаржы жылының 1 қаңтарынан басталады және 31 желтоқсанда аяқталады, ол бюджеттік сыныптама мен бюджеттік бағдарламаға сәйкес бағытта жүргізіледі.

Бюджетті атқару процесінде міндеттемелер, түсімдер мен төлемдер бойынша қаржыландырудың жиынтық жоспарлары теңестірілген болуы керек, мемлекеттік мекемелерімен және бюджеттік бағдарламаларының әкімшілерімен әзірленеді.

Сонымен қатар ҚР ҰБ аударымдық операциялары мен оларды есепке алуды орталықтандырып іске асыру үшін, ұлттық валютада біріңғай қазынашылық шот пен ақшалар түсімін есепке алу үшін, нақты ақшаның бақылау шоттарындағы ақша қалдығын қамтитын валюта түрлері бойынша шетелдік валютада шот ашлады. Мемлекеттік мекемелердің шоттары екінші деңгейлі банктерде ашылады.

Бюджеттік сыныптамаға сәйкес, біріңғай қазынашылық шотқа есепке алғаннан кейін, түсірімдерді республикалық және жергілікті бюджеттер арасында, сонымен ҚР ҰҚ бөлу жүргізіледі. ҰҚ трансферттерді тарту және төлеушіге артық немесе қате төленген соманы қайтару мүмкін.


Шығыстар бойынша бюджетті атқару біріңғай қазынашылық шоттан қаражаттарды есептен шығару мен тұтынушылар шотына бюджеттік қаражаттарды аударуды қамтиды. Төлемдер мемлекеттік мекемелердің міндеттемелері бойынша жасалынған азаматтық құқықтық мәміле бойынша немесе онсыз төлеуге шот негізінде іске асырылады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері осы мемлекеттік мекеме бойынша ақша түсімдері мен шығыстарының жиынтық жоспарын құрастырады және оны бюджетті атқару бойынша өкілетті органға ұсынады. Бюджеттік қаражаттардың қалдығы жоғарғы бюджетке 31 желтоқсанда алынып қоймайды. Жыл бойы заң шығарушы органдар бюджетті ұлғайту немесе азайту (қысқарту) жағына ұсыныс негізінде нақтылауы мүмкін.

Бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері үнемі және жүйелі жинауды, бюджеттің атқарылу көрсеткіштерін міндеттемелерді уақтылы қабылдамау себептерін, төлемдерді уақтылы жүргізбеуді анықтау мақсатында қадағалау және талдауды, бюджет түсімдері мен шығыстарының болжамын құруды жүргізеді.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшілері бюджетті атқару бойынша өкілетті органға, ҚР мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына шоғырландырылған қаржылық есептілікті құрастырады. Бюджетті атқару бойынша өкілетті орган есепті жылдан кейінгі жылдың 1 сәуіріне дейін ҚР Үкіметі (аймақ әкімшілігі) мен жоспарлау бойынша өкілетті органға, сонымен қатар мемлекеттік қаржылық бақылау органдарына жылдық есепті құрастырады, ал ҚР Үкіметі (аймақ әкімшілігі) оны Парламентке, маслихатқа есепті жылдан кейінгі жылдың 1 мамырына дейін ұсынады. Сонымен қатар ҚР Үкіметі өкілдері мен республикалық бюджеттің атқарылуына бақылау бойынша есеп комитетінің есептері тыңдалады.

Аудандарда ауыл әкімдеріне есеп 8 наурызға дейін ұсынылады. Маслихаттар есепті ревизиялық комиссиялар мәліметтері негізінде қарастырады. ҚР ҰҚ ақшалай қаражаттарын пайдалану туралы жылдық есепті ҚР Үкіметі ҚР ҰБ есептерін пайдалана отырып жасайды. ҚР Үкіметі ҚР ҰҚ туралы есепті 1 мамырға дейін ҚР Президентіне, ал соңынан мәлімет ҚР парламентіне ұсынады.



#### Аумақтық бюджеттер елдің бюджет жүйесінің элементі ретінде

Демократиялық қоғамда аумақтық органдардың рөлі өсті.

Олар белгілі мүліктік және қаржы-бюджеттік құқықтарға ие.

Аумақтық қаржы – бұл басқарудың жергілікті органдары өздеріне жүктелген функцияларға сәйкес қоғамдық өнімнің ақшалай нысанындағы бөлігін жинақтауды, бөлу мен пайдалануды жүргізетін экономикалық қатынастар.

Олар мемлекеттік қаржы жүйесінің қараушысы болып табылады, жергілікті бюджеттерде, арнайы бюджеттен тыс қорлар

мен жергілікті басқару органдарының меншігіндегі шаруашылық субъектілерінің қаржыларын қамтиды. Олардың құрылымы мен бағыты жергілікті билік және басқару органдарының маслихаттардың (жергілікті заң шығару органы), жергілікті әкімшілік пен жергілікті өзін-өзі басқару (әкімшіліктер) функцияларымен анықталады.

Олардың қызмет сфералары кеңейеді, олар әлеуметтік, экономикалық, экономикалық демографиялық сипаттағы мәселелерді шешуде маңызды дербестікке ие болады. Оларға мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық бағдарламаларын өмірге енгізу тапсырмасы бойынша маңызды тапсырмалар жүктелген.

Аумақтық қаржы тұрғындарға әлеуметтік-мәдени және коммуналды тұрмыстық қызмет көрсетумен байланысты шаралардың кең шеңберін қаржыландыру бойынша аумақтық бюджеттерді қамтиды.

Аумақтық қаржы – бұл ұлттық кірістің аумақтардың әлеуметтік-экономикалық дамуына бөлінуі мен қайта бөлуі жүргізілетін экономикалық қатынастар жүйесі.

Функциялардың бөлігінің мемлекеттік биліктің орталық деңгейден аумақтық деңгейге өтетін, экономикалық және әлеуметтік процестерді аймақтандыру байқалады. Сондықтан аумақтық қаржылардың рөлі көтерілуде, ал оларды пайдалану сферасы кеңеюде. Олар арқылы мемлекет активті әлеуметтік саясатты жүргізеді. Олар білім беруді, денсаулық сақтауды қаржыландырады. Коммуналды қызметті қолдайды, жолдарды, тұрғын үйлерді соғады және жөндейді, қоршаған ортаны қорғайды.

Аумақтардың даму деңгейі аймақтық бағдарламалар негізінде түзетіледі. Қолдауға мұқтаж аймақ мәртебесін халықтың жан басына шаққандағы бюджеттік кірістің орташа мөлшері орташа республикалық деңгейден төмен аймақтар алады.

Аймақтық органдар әлеуметтік-экономикалық өсу жоспарларын әзірлейді; сыртқы экономикалық қызметті валюталық өтелімділік принциптерінде жүзеге асырады.

Аумақтық органдар, бюджетті өздері жоспарлайды, өздері бекітеді, өздері атқарады. Оларға өздерінде бар қаражаттар шегінде белгілі мақсатқа шығыстарды ұлғайту, резевтік қорларды құру құқығы берілген.

Жергілікті билік органдарының қаржылық базасы болып олардың бюджеттері табылады. Осы бюджеттер арқылы тұтырудың қоғамдық қорлары халықтың жекелеген топтары арасында бөлінеді.

Жергілікті бюджеттердің экономикалық мәні олардың тағайындалуынан көрінеді. Олар келесі функцияларды орындайды:

- биліктің жергілікті атқарушы органдарының қызметін қаржылық қамтамасыз ететін ақшалай қаражаттарды қалыптастыру;
- осы қорларды халық шаруашылығы салалары арасында бөлу және пайдалану.

Жалпы мемлекеттік ақшалай ресурстарды бюджет жүйесінің буындары арасында бөлу негізіне жергілікті бюджеттердің, олардың кіріс көздерін жергілікті қалыптастырудың дербестік принциптері салынған. Осы принциптерге байланысты жергілікті бюджеттердің кірістері кірістердің меншікті және реттегіш көздері есебінен қалыптасады.

Меншікті кірістер бюджеттік құқық субъектісінің иелігіндегі қаражаттарды көрсетеді, яғни тұрақты негізде толық немесе қатаң тіркелген үлесте жоғары тұрған бюджетке соқпай, сәйкес бюджетке түседі. Меншікті кірістер үлесі жеткілікті дәрежеде төмен, субсидиялар, субвенциялар мен дотациялар кеңінен таралған. Олар асырауда болу күйін туындатады және қаражаттарды тиімсіз пайдалануға әкелуі мүмкін.

Меншікті кірістер негізін жергілікті салықтар мен алымдар құрайды.

Реттегіш кірістерге жоғары тұрған бюджеттерден төменгі бюджеттерге, олардың шығыстары мен кірістері реттеу мақсатында берілетін ақшалай қаражаттардың барлық жиынтығы қатысты.

Жергілікті бюджеттердің әлеуметтік-мәдени шараларына арналған шығыстарында денсаулық сақтау, ағарту және білім шығындары жоғарғы қарқынмен өсуде, бұл мемлекеттік мекемелер тарапынан дамуымен және ғылыми-жобалық жұмыстардың кеңеюімен байланысты.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарына берілетін жекелеген мемлекеттік өкілеттікті қаржыландыру маңызды мәселе болып табылады.

Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының дербестігі міндетті түрде қаржылық дербестікті қарастырады. Жергілікті билік органдары оларға заңмен берілген өкілеттіліктерді жүзеге асыру үшін қаржы ресурстарын иеленеді, оларға жүктелген функцияларды орындауға керекті қаржы ресурстары деңгейі мен мөлшеріне жергілікті биліктің әсер ету құқығы, тек қана бұл жалпы ұлттық немесе аймақ саясатына қайшы келгенде ғана шектелуі мүмкін.

Аумақтық құрылымдардың тұрақты дамуы сәйкес қаржылық ресурстарға тәуелді болады. Ол келесі жағдайлар үшін жеткілікті болуы керек:

- аумақтың өмір сүруін ұстау үшін ағымды шығындарды жабу;
- материалдық өндіріс пен өндірістік емес сфера салаларында кеңейтілген ұдайы өндіріс үшін жинақтаушы қорларды (ақшалай қорлар) құру;
- республикалық бюджет пен бюджеттен тыс қорлар алдындағы міндеттемелерін орындау.

Сондықтан аймақтық жоспарлау мен болжаудың маңызды тапсырмасы болып аумақтың шаруашылық субъектілерімен құрылуы мүмкін, сонымен қатар сырттан тартылған қаржы ресурстары көзі мен көлемін анықтау табылады. Құрылған және тартылған қаржы ресурстарының мөлшері аймақтың нақты экономикалық мүмкіншіліктерін өлшегіш және аумақтық құрылым халқының мен шаруашылық субъектілерінің төлем қабілетті сұранысының бағасы болып табылады.

Кірістерді заңмен бекітілген және бюджеттік реттеу тәртібінде бюджеттен алынған деп жүктеу отандық және шетелдік қаржы тәжірибесінде жергілікті бюджеттердің дербестік дәрежесін, олардың меншікті қаржы базасының жеткіліктілігін талдауда кеңінен қолданылады.

Жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджеттің атқарылуын қамтамасыз етеді.

Аумақтық қаржылардың заңнама базасы болып келесілер табылады:

- ҚР «Жергілікті мемлекеттік басқару туралы» Заңы;

- ҚР «\_\_ жылға республикалық бюджет туралы» Заңы және шаруашылық және қаржылық қызмет туралы басқа заңдар;
- Облыстық маслихаттың «\_\_ жылға арналған облыстық маслихаттың шешімі туралы» шешімі;
- ҚР «Бюджеттен тыс қорларды қалыптастыру және пайдалану бойынша негізгі бюджеттік құқықтар туралы» заңы;
- ҚР Салық кодексі;
- ҚР Бюджет кодексі;
- Сәйкес қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңды іске асыру және сәйкес қаржы жылына жергілікті бюджет туралы маслихаттың шешімін іске асыру туралы ҚР Үкіметінің немесе жергілікті атқарушы органдарының Қаулысы;
- Ағымды қаржы жылы республикалық немесе жергілікті бюджеттерді атқару барысында қабылданатын ҚР Үкіметінің немесе жергілікті атқару органдарының шешімдері;
- Бюджеттік бағдарламалардың төлқұжаты;
- Қаржыландырудың жылдық жоспары;
- Түсімдер мен қаржыландырудың жиынтық жоспары;
- Бюджеттің атқарылуын анықтайтын, нормативтік-құқықтық актілері.

Көрсетілген құжаттарда жергілікті шаруашылық құрамы анықталған, бюджеттерді қалыптастыру, оның ішінде заемдық көздердің құрамы анықталған; заңды тұлғалардың аймақтық қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін қайта дайындау құқығы берілген, жергілікті билік органымен қарым-қатынасын анықтайды.

Аумақтық қаржылар құрамына аймақтық бюджеттерден басқа осы аумақтарда орналасқан кәсіпорындар мен халықтың қаржы ресурстары, сонымен қатар мақсатты тағайындалған бюджеттен тыс қорлар енеді.

ҚР Үкіметімен жергілікті атқарушы органдардың сәйкес қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңын іске асыру туралы қаулысымен маслихаттардың сәйкес қаржы жылына жергілікті бюджет туралы шешімін әзірлеу ҚР заңмен белгіленген

тәртіпте бюджетті атқару бойынша орталық және жергілікті өкілетті органдардың келісуімен бюджеттік жоспарлау бойынша орталық және жергілікті өкілетті органмен жүзеге асырылады.

ҚР Бюджет кодексіне сәйкес жергілікті бюджет облыстық бюджетті, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерін, аудан бюджетін (облыстық маңызы бар қала) қамтиды.

Бюджет кодексімен анықталған салықтар және басқалай түсімдер есебінен қалыптасқан және облыстық деңгейдегі, республикалық мәні бар қала, астана, аудан (облыстық маңызы бар қала), оларға бағынышты мемлекеттік мекемелердің тапсырмалары мен функцияларын қамтамасыз етуге және сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктерде мемлекеттік саясатты іске асыруға арналған қорлар облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қалалар, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар), астана бюджеті деп аталады.

Бюджеттік қаржы қатынастарын ұйымдастыру екі тенденцияға ие:

1. Қаржы ресурстарын республикалық көлемде шоғырландыру және оларды аймақ және экономика салалары арасында қайта бөлудің үлкен мүмкіншілігін қамтамасыз ету, жалпы мемлекеттік республикалық шараларды қаржыландыруды, аумақтарды дамытуды теңестіру мақсатында орталықтандыру және т.б.

2. Қаржы ресурстарын жергілікті аумақтық органдарға билік пен басқарудың қаржы қорларын қалыптастыру мен пайдаланудағы және аумақтың әлеуметтік-экономикалық даму деңгейіне жауапкершілік функцияларының кең шеңберін беру мақсатында бөлшектеу, өйткені олар жергілікті жағдаймен жақсы таныс және оның дамуына мүдделі.

Белгілі қаржы операциясы ресми бақылау дәрежесі аз болған сайын оны жергілікті билік функциясы спектріне беру қажеттілік дәрежесі соғұрлым үлкен болады және керісінше жақсы бақыланғанда – орталықтандырылған қаржы органдары функциялары қатарына қосу.

Бірақ келесі жағынан, аймақтардың толық абсолютті экономикалық дербестігіне жол беру мүмкін емес, өйткені олар

белгілі ирерархиядағы бірыңғай шаруашылық республикалық кешеннің элементін құрайды және олардың дамуы тұтас елдің дамуының негізгі заңдылығымен анықталады.

Осыған байланысты басқарудағы орталықтандыру осы аймақтың экономикалық мүдделерін ең жоғарғы деңгейде мүмкін іске асырыу негізінде ұтымды деңгейді ұстау үшін орынды шекте қажет.

Аймақтың қаржылық базасы аймақтық ресурстардың ұдайы өндірісі, табиғатты қорғау бойынша шараларды қаржыландыру үшін қаражаттардың кепілдендірілген көздерімен қамтамасыз етілуі керек.

Аймақ экономикасын басқаруда орталықтандырушылық және бөлшектіліктің оңтайлы үлесімділігі ұсынылады. Онда орталық органдар аймақтың даму стратегиясын басқарумен қатар, тұтас ел шеңберінде әзірлейді, ал осы стратегияны іске асыру тактикасы аймақта жүргізілуі керек.

Осыған байланысты әрбір аймақта ұзақ кезеңге аймақ қажеттілігінің маңызды бөлігін жабатын, бекітілген кірістер жүйесі мен оларға сәйкес мемлекеттік функциялар жүйесі құрылуы керек.

Басқару деңгейінің оңтайлы санын, олардың арасында өкілеттіліктерді анықтау, оңтайлы болу, аймақ бюджетінде меншікті бекітілген және реттегіш кірістер үлесін анықтау сұрақтары шешілуі керек, мемлекеттік экономиканың барлық деңгейінде қаражаттарды жұмсауға бақылау нысандары анықталған.

Жергілікті бюджет тапшылығын төмендету ғана емес, сонымен қатар тұтас мемлекеттік бюджет тапшылығын төмендету жолдары, жергілікті әлеуметтік аймақтардың салықтық дербестігін дамыту, оларға бірқатар жергілікті алымдарды алу құқығын беру жолымен шешуде нақты дербестік жолы межеленуі керек, ол бөлінген қаражаттарды тиімді пайдалануға әкелмейтін жоғары тұрған бюджеттерден трансферттік қаржыландыруды қысқартуға әкелер еді.

Қазақстанда әкімшілік аумақтық бірліктер шеңберінде аумақтың жеделдетілген әлеуметтік-экономикалық дамуы, аймақ экономикасын сауықтандыру, шаруашылықты жетілдіру, ішкі нарықты жоғарғы сапалы тауарлармен толықтыру, халықтың

жұмыспен қамтылуын кеңейту, жергілікті жұмыс күшінің біліктігін көтеру, маркетинг және менеджмент саласында тәжірибе алу үшін, шетелдік капиталды, шетелдік технологиямен басқарушылық тәжірибені тарту мақсатында, олардың аумағында экономикалық және әлеуметтік қызметті кеңінен ырықтандыру жолымен еркін экономикалық аймақтарды (ЕЭА) құруға әрекет жасалынды.

ЕЭА әкімшілік кеңесі ЕЭА қаржылық қорын (бюджет) құруы керек болды. Қаржылық қордың жоғары тұрған бюджетпен өзара қатынасы ЕЭА қаржы қорына (бюджет) түсетін кірістердің жалпы сапасынан аударымдардың ұзақ мерзімді тұрақты нормативі арқылы кеңесі мақсатты қаржы қорларын, оның ішінде ЕЭА экономикалық және әлеуметтік даму қоры алады, сонымен қатар оларды еркін бюджеттік қаражаттар, салықтық емес сипаттағы аударымдар мен алымдар есебінен қалыптастыру көздерін анықтайды. Құрылатын аймақтардың қаржылық механизмі жеткілікті дәрежеде тиімді болмады және өмір сүруін тоқтатты.

Аумақтық қаржылар аймақ халқына коммуналды-тұрмыстық және әлеуметтік-мәдени қызмет көрсету шараларының кең шеңберін қаржыландырумен байланысты аумақтық бюджеттерді қамтиды. Олар тек қана аумақтық бюджеттерді ғана емес, сонымен қатар аймақтағы кәсіпорындардың қаржылық ресурстарын және мақсатты тағайындалған бюджеттен тыс қорларды да қамтиды.

Аумақтық органдарға тұрғын үй-коммуналды шаруашылыққа, денсаулық сақтауға, білім беруге, әлеуметтік қамтамасыз етуге, құқық қорғау қызметіне қосымша алымдар мен шығыстарды енгізу есебінен кірістерді ұлғайтуға, қосымша жеңілдіктер мен жәрдемақыларға, резервтік қорларды құруға құқық берілген. Осы аймақтық бюджеттер арқылы тұтынудың қоғамдық қорлары аймақ халықының топтары, халық шаруашылығы салалары арасында бөлінеді.

Олардың басты тағайындалуы – мемлекеттік қаражаттарды аймақтық инфрақұрылымды ұстау мен дамытуға бөлу. Аумақтық бюджеттерге аймақта әлеуметтік саясатты жүзеге асыру жүктелген.

Меншікті бекітілген кірістер бюджеттік құқық субъектісіне тұрақты түрде жатады, ал реттеуші кірістер – бұл басқа бюджет-

терден берілетін кірістер (дотациялар, субвенциялар, аймақтарды қолдау қорының қаражаттары және т.б.)

Жергілікті бюджеттер кірістерінің көзі ретінде келесілер пайдаланылады:

**А. Салықтық түсімдер:**

- төлем көзінен ұсталатын және ұсталмайтын жеке табыс салығы;
- әлеуметтік салық;
- мүлік салығы;
- жер салығы;
- көлік құралы салығы;
- акциздер;
- қоршаған ортаны ластағаны үшін төлемі;
- мемлекеттік тіркеуге алым, лицензиялық алым, аукционнан алынатын алым;
- жарнаманы орналыстыру үшін төлем;
- мемлекеттік баж.

**Б. Салықтық емес түсімдер:**

- коммуналды мемлекеттік кәсіпорындардың пайдасынан үлес;
- коммуналды меншік болып табылатын акциялар пакетіне дивидендтердің түсуі;
- қатысу үлесінен кірістер;
- мүлікті жалға беруден кірістер;
- қоршаған ортаны қорғау туралы заңнаманы бұзғаны үшін айыппұлдар мен санкциялар;
- кіші кәсіпкерлікті дамыту үшін берілген несиелер бойынша сыйақылар;
- табиғатты пайдаланушылардың, аңшылық және балық аулау құралдарын тәркілеуден, сонымен қатар зиянды қалпына келтіру талаптары бойынша қаражаттар.

**В. Капиталмен операциялардан түскен кірістер:**

- мемлекеттік мекемелердің мүлкін сатудан түскен түсімдері;
- мемлекеттік бағдарлама бойынша пәтерлерді сатудан түскен түсімдер;

- жер учаскелерін сатудан түскен түсімдер.

Г. Бюджеттік алып қоюлар.

Д. Алынған ресми трансферттер.

Е. Несиені қайтару.

Ж. Заемдардың түсуі.

Қазақстан аймақтарының меншікті бюджеттерінің кірістерін қалыптастыру принциптері ретінде келесі принциптерді анықтау керек:

- тиімділік пен мақсаттылық;
- аймақтық фискалдық саясаттың жалпы мемлекеттік макроэкономикалық саясатқа сәйкес келуі;
- фискалдық эквиваленттілік.

Тиімділік және мақсаттылық принциптері биліктің аймақтық органдарының фискалдық көзқараста және аймақтық ерекшелікке сәйкестік позициясында оңтайлы болатын кіріс көздерін пайдалану мүмкіндігін білідіреді.

Аймақтық бюджет саясатының кірістер бөлігінде республикалық бюджеттік саясат шарты мен тапсырмаларына сәйкестік принципі, жоғарыда мазмұндалған әртүрлі деңгейдегі мемлекеттік билік органдарының функцияларын шектеуге негізделеді.

Фискалдық эквиваленттілік принципі аймақтық бюджет кірістері шамасының аймақтық деңгейде көрсетілетін қызметтер көлеміне арақатынасын көрсетеді. Бұл қызметтерінің құрамы Республика аймақтарының заң шығарушы органдарының өкілеттілігі мен функцияларынан шығады, ал олардың көлемі жалпы мемлекеттік әлеуметтік-экономикалық жағдайларын есепке алу арқылы анықталуы керек.


9-шы кестеде ОҚО 1997-2004 жж. аралығындағы бюджет мәліметтері келтірілген.

## 9-кесте. ОҚО 1997-2004 жж. аралығындағы бюджет серпіні

Көрсеткіш	1997 ж		2004 ж		Ауытқу		Өсу қарқыны
	абс	%	абс	%	абс	%	
1	2	3	4	5	6	7	8
Түсімдер	11723	100	51895,5	100	40172,5	0	4,4
Кірістер	6609	56,4	7842,8	15,1	1233,8	-41,2	1,18
Салықтық түсімдер	6134	92,8	7709,4	98,2	1575,4	-77,9	1,3
Салықтық емес түсімдер	470	7,1	132,3	1,68	-337,7	-6,8	0,3
Капиталмен операциялардан түскен кірістер	5	0,1	1,1	0,12	-3,9	-0,1	0,2
Алынған ресми трансферттер	5105	43,5	44052,7	84,9	38947,7	41,4	8,6
Негізгі қарызды өтеу	8	0,1			-8	-0,1	0,0
Шығыстар мен несиелеу	11729	100	52253,6	100	40524,6	0	4,5
Шығыстар	11644	99,3	52253,6	100	40609,6	0,7	4,5
Жалпы сипаттағы мемлекеттік шығындар	366	3,1	462,8	0,9	96,8	-2,2	1,2
Қорғаныс	171	1,5	111,6	0,2	-59,4	-1,3	0,7
Қоғамдық тәртіп пен қауіпсіздік	582	5	2678,4	5,1	2096,4	0,1	4,6
Білім беру	5348	45,9	5869,2	11,2	521,2	-34,7	1,1
Денсаулық сақтау	1987	17,1	16358,6	31,3	14371,6	14,2	8,2
Әлеуметтік қамтамасыздық пен әлеуметтік көмек	1449	12,4	1821	3,5	372	-8,9	1,3
Мәдениет, спорт, туризм, ақпараттық кеңісті	303	2,6	1689,6	3,2	1386,6	0,6	5,6
Тұрғын-үй коммуналдық шаруашылық	218	1,9	1540,7	2,9	1322,7	1,0	7,1
Ауыл, су, орман, балық шаруашылығы							
Қоршаған ортаны қорғау	52	0,4	627	1,2	575	0,8	12,1
Өнеркәсіп пен құрылыс	892	7,7	108,7	0,3	-783,3	-7,5	0,1
Көлік және байланыс	1	0	1073,9	2,1	1072,9	2,1	
Басқалар	275	2,4	3748,8	7,2	3473,4	4,8	13,6
Қарызға қызмет көрсету			12,6	0,0	12,6	0,0	
Ресми трансферттер			16151,1	30,9	16151,1	30,9	
					0	0	
Несиелеу	84	0,7	-2068		-2152	-0,7	-24,6
Бюджет тапшылығы (-), профициті (+)	-6		1709,9		1715,9	0	-285,0

Ескерту: статистика бойынша. Ұлттық агенттіктердің мәліметтері бойынша автормен есептелген.


9-кестеден көріп отырғанымыздай түсімдер 9 жылда – 4,4 есеге, кірістер – 1,1 есеге, алынған ресми трансферттер – 8,6 есеге өскен.



16-сурет. 1997-2006 жж аралығындағы ОҚО бюджет түсімдері құрылымдарының серпіні, пайызда.

Шығыстардың ең көп өсуі денсаулық сақтауда – 8,2 есе, тұрғын үй – коммуналдық шаруашылықта – 7,1 есе, ауыл шаруашылығында – 12,1 есе, мәдениет, спорт, туризм мен ақпараттық кеңістікте – 5,6 есе орын алған. 1997-2004 жылдар аралығында облыстық бюджетте меншікті кірістер үлесі 56,4 % дан 15,2 % дейін төмендеген және республикалық бюджеттен трансферттер үлесі 43,5 % дан 84,9 % ға өскен. Бұл бюджеттің орталықтандыру дәрежесінің көтерілуін білдіреді.

Салықтық түсімдер үлесі 92,8 %-дан 98,2 %-ға өсті, ал салықтық емес түсімдер 7,1%-дан 1,68%-ға төмендеген, бұл аймақта экономикалық процестерді реттеудегі салық саясатының рөлінің артқанын куәландырады.



17-сурет. 1997-2006 жж. аралығында ОҚО бюджет кірістерінің құрылым серпіні

Кестенің соңы

Көріп отырғанымыздай бюджет шығыстары құрылымындағы ең үлкен үлес салмақты денсаулық сақтау, білім беру, әлеуметтік қамсыздандыру алады.

Облыста жиналған қаражаттар, сонымен қатар республикалық бюджетке де кетеді.

А. Салықтық түсімдер (резиденттер мен бейрезиденттерден корпоративтік табыс салығы, резиденттер мен бейрезиденттерден қосылған құн салығы, оның ішінде импорт бойынша; үстеме пайдаға салық, жер қойнауын пайдаланушылардан роялти мен бонустары, радиожилілік спекторын, жануарлар әлемін, ерекше қорғалатын табиғи аумақты пайдаланғаны үшін төлемдер, автокөлік құралдарының жүргені үшін, дәрі-дәрмектерді тіркеу үшін алымдар, жарнама үшін төлем, енгізу және шығару бойынша кедендік баж, кедендік бақылаудан түскен түсімдер)

Б. Салықтық емес түсімдер (республикалық мемлекеттік кәсіпорындар пайдасынан үлес, акциялардың мемлекеттік пакетіне дивидендтер, мемлекеттік мүлікті жалға алуан, мүлікті тәркілеуден түсетін түсімдер, лицензияланбаған қызметтен әкімшілік айыппұлдар мен санкциялар).

В. Мемлекеттік мүлікті сатудан түскен кіріс нысанындағы капиталмен операциялардан түсімдер.

10-кестеде 2002 жылғы Шымкент қаласы бойынша атқарылған бюджеттің мәліметтері келтірілген

10-кесте. Шымкент қаласының 2002 жылғы бюджетінің атқарылуы  
(мың теңге)

Көрсеткіш	Барлығы	Салықтық түсімдер	Салықтық емес түсімдер	Капиталмен операциялардан түскен кірістер
Мемлекеттік бюджет бойынша барлығы				
Жоспар	21063778	20693545	251633	118600
Нақты	23950986	23523447	246756	130782
Ауытқу	2887208	2879902	-4876	12182
Орындалу пайызы	112,7	113	98,06	110,3
Үлес салмағы	100	98,2	1,03	0,546

Ішінде республикалық бюджетке				
Жоспар	9928169	9732566	194944	659
Нақты	12622876	12441670	180104	1101
Орындалу пайызы	127,1	127,8	92,39	167,1
Оның ішінде жергілікті бюджетке				
Жоспар	11135609	10960979	56689	117941
Нақты	11328110	11131777	66651	129681
Орындалу пайызы	102	102	118	110
Жоспар бойынша бюджетке кететін үлес				
Республикалық бюджетке	47,13	47,03	77,47	0,55
Жергілікті бюджетке	52,87	52,97	22,53	99,45
Нақты бойынша бюджетке кететін үлес				
Республикалық бюджетке	52,7	52,89	72,98	0,84
Жергілікті бюджетке	47,3	47,11	27,02	99,15

Кесте мәліметтері жоспарды орындау пайызы 102% құраса да, жергілікті бюджетке аударымдар үлесі нақты түрде төмендетілгенін және республикалық бюджетке түсімдер бойынша жоспардың асыра орындалғандығын көрсетеді. Нақты түрде республикалық бюджетке жоспарға қарағанда үлкен көлемдегі қаражат кетеді және жергілікті бюджеттің созылмалы тапшылығына негіз қаланады.

«2004 ж. арналған республикалық бюджет туралы» заңның мәліметтеріне сәйкес ОҚО 31828251 мың теңге мөлшерінде субвенция белгіленген. Бұл сома өте қомақты, бірақ оны алушыларда асыранушылық көңіл қалыптастырады.

Барлық әлемде қазіргі заманға аумақтық қаржылардың мінездемелік белгісі болып олардың әлеуметтік бағыттылығы табылады. ОҚО бюджеті осы жағдайды растайды. Онда бюджет саясатының негізгі принципі іске асады, ол – облыс аудандарының әлеуметтік және экономикалық даму деңгейлерін түзету. Атап айтқанда ОҚО 2006 жылғы облыстық бюджетінде облыс аудандарына субвенциялар; білім беру объектілерінің құрылысына, реконструкцияларына, күрделі жөндеуіне материалды-техникалық жарақтану мен ақпараттандыруға нысаналы трансферттер; инженерлік-коммуникациялық тораптар реконструкциясына, сумен жабдықтау және коммуналды шаруашылық жүйелерін

дамытуға; аз қамтылған жанұялардың 18 жасқа толмаған балаларына жәрдемақы төлеуге, АШК мен ауылдық аймақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу бағдарламаларын іске асыруға трансферттер қарастырылған.

Осылайша, жергілікті бюджеттер оларға Конституциямен, ҚР Президенті мен Үкіметінің заңдары мен актілерімен жүктелген функцияларды жүзеге асыру үшін, жергілікті атқарушы органдармен анықталатын, жергілікті бюджеттік бағдарламаларды қаржыландыруға арналған, түсімдер және бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитті пайдалану) есебінен қалыптасатын, сәйкес маслихат шешімімен бекітілген, әкімшілік аумақтық бірліктің ақшалай қорларын көрсетеді.

Жергілікті атқарушы органдар біріңғай бюджеттік жоспарлау негізінде бюджетті әзірлейді және сәйкес әкімшілік-аумақтық бірліктің бюджетін дербес атқарады. Жергілікті өкілетті органдар сәйкес қаржы жылында бюджетті және өткен қаржы жылына сәйкес жергілікті бюджетті атқару туралы есепті қарастырады және бекітеді.

Облыстық өкілетті органдар кірістерді облыстық бюджеттер мен аудан (қала) бюджеттері арасында бөлудің тұрақты нормативтерін, облыстық бюджеттерден аудан, қала бюджеттеріне берілетін субвенциялардың ұзақ мерзімді мөлшерлерін және аудан (қала) бюджеттерінен облыстық бюджеттерге берілетін бюджеттік алып қоюларды бекітеді.

ҚР Үкіметінің, орталық мемлекеттік органдардың облыстық бюджеттерді, Астана және Алматы қалаларының бюджеттерін, облыстардың жергілікті атқарушы органдардың аудан (қала) бюджеттерін әзірлеу мен атқару процесстеріне араласуына жол берілмейді.

Жергілікті бюджеттік бағдарламалардың әкімшілерінің тізімі жергілікті өкілетті органдармен бекітілетін, әкімшілік-аумақтық бірлікті басқару схемасына сәйкес, жергілікті атқарушы органдарымен анықталады.

Жергілікті бюджет қаражаттары келесілерді қаржыландыруға жұмсалады:

- жергілікті деңгейде мектепке дейінгі, бастапқы жалпы, негізгі жалпы білім беру, сонымен қатар орта жалпы және орта кәсіби және қосымша білім беруге;

- жергілікті деңгейде арнайы білім беру бағдарламасы;
- жергілікті деңгейде төтенше жағдайлар бойынша жұмыс;
- жергілікті деңгейде құқық қорғау қызметі;
- жергілікті деңгейде азаматтарға ақысыз медициналық көмектің кепілдендірілген көлемі;
- жергілікті деңгейде денсаулық сақтау облысындағы бағдарламалар;
- заңды актілерге сәйкес, жергілікті бюджеттен арнайы мемлекеттік жәрдемақыларды алатын азаматтар категориясына;
- жергілікті деңгейде әлеуметтік қамтамасыз ету бойынша шаралар мен адрессті әлеуметтік көмек;
- жұмыспен қамту бағдарламалары;
- тұрғын үй бағдарламалары;
- жергілікті деңгейде мәдениет, спорт және ақпарат сферасындағы қызметтер;
- жергілікті деңгейде өнеркәсіп, көлік және құрылыс объектілерін;
- қоршаған ортаны қорғау бойынша жергілікті атқарушы органдар жүргізетін шаралар;
- жергілікті деңгейде жобалау – зерттеу жұмыстарын жүргізу;
- елді – мекендерді абаттандыру, елді мекендердің жолдары мен көшелерін пайдалану мен құрылысы;
- жергілікті маңызы бар жолдарды пайдалану, құрылысы мен реконструкциясы;
- халықты ауыз сумен қамтамасыз ету және ағын суларды тазалау бойынша шаралар;
- ҚР кіші кәсіпкерлікті дамыту және қолдау бағдарламалары;
- жоғары тұрған бюджеттен төменгі тұрған бюджетке және төменгі тұрған бюджеттен жоғарғы тұрған бюджетке берілетін ресми трансферттер;
- жергілікті бюджеттен ҚР ҰҚ берілетін ресми трансферттер;
- ҚР ҰҚ нысаналы трансферттері есебінен іске асырылатын басқалай бюджеттік бағдарламалар.

Атқарушы органдарды ұстауға жергілікті бюджеттен қаржылындаралатын шығындар штатты сан лимиті мен бір жұмысшыға шаққандағы ағымды шығындардың жергілікті атқарушы органдар бекіткен нормативтері арқылы белгіленеді.

Аумақтардың дамуының экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларында қарастырылған бағдарламалық шараларын іске асыруға шығындардың жалпы көлемі үш жылдық кезеңге аудан (қала) бюджетінің болжамды көрсеткіштер шеңберінде анықталуы керек.

Аумақтарды дамытудың экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларының жобасы ауданның бюджеттік комиссиясының бағдарламалық шараларды қаржыландыру көлемі бойынша қаржыландыру кездері мен мерзімі кесіндісіндегі тұжырымы болған кезде бекітіледі.

Жергілікті атқарушы органдар жергілікті бюджетте қарастырылған сома шеңберінде несиелер беруге құқылы.

Жергілікті атқарушы органдарының несені беру тәртібі мен шарты үкіметпен анықталады.

Облыс әкімдері қала аудандарынан басқа, қала (аудандық маңызы бар қаладан басқа), аудан әкімдерінің өтініштері бойынша облыстық бюджеттен аудан, қала бюджеттеріне, сәйкес қаржы жылында облыстық бюджетте қарастырылған, кассалық айырмашылықты жабу үшін төменгі тұрғын бюджеттерді несиелеу үшін арнайы резерв шеңберінде несие бере алады.

Облыстардың, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдары реттеуші мемлекеттік қарыз алу заңнамасына сәйкес, қарыз алуға құқылы:

ҚР Үкіметімен келісілген жергілікті инвестициялық жобаларды қаржыландыру үшін заңды және жеке тұлғалардан;

- сәйкес қаржы жылына ҚР Үкіметі резерві құрамында қарастырылған, кассалық алшақтықты жабуға төменгі тұрған бюджеттерді несиелеу үшін арнайы резерв есебінен республикалық бюджеттен;
- сәйкес қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда бекітілген сома шеңберінде жергілікті инвестициялық жобаларды қаржыландыруға республикалық бюджеттен;

- сәйкес қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда қарастырылған басқалай мақсаттарға республикалық бюджеттен.

Облыс, Астана және Алматы қалаларының жергілікті атқарушы органдарына қарыз алуға рұқсат етілмейді, өйткені ол оның сәйкес қаржы жылы соңына заңмен белгіленген қарыз лимиті мен осы қарызды өтеу және оған қызмет етуге кететін шығыстар көлемінің асып кетуіне әкеледі.

Қалалардың (аудандық маңызы бар қалалардан басқа) және қалалардағы аудандардан басқа аудандардың жергілікті атқарушы органдары кассалық алшақтықты жабу үшін тек қана облыстық бюджеттен ғана қарыз алуға құқылы.

Жергілікті атқарушы органдардың қарыз алуы қарыз алу келісім шарты (мәміле) немесе жергілікті атқарушы органдардың бағалы қағаздарды шығару нысанында жүзеге асырылады.

Республикалық және аймақтық билік арасында функциялар «мақсаттылық» принципі бойынша бөлінеді.

Биліктің аймақтық органдарының кірістерді қалыптастырудағы бюджеттік құқықтарын анықтау аймақтық билік органдарының өз функцияларын орындау бойынша құқықтары мен міндеттеріне тікелей тәуелділікте болады.

Қаржы – бюджет саясаты өзін-өзі басқарудың маңызды функциясына жатады. Бюджеттік қатынастарды реттеудің әрекеттегі құқықтық базасы аймақтың дербестігіне толық жауап бермейді. ҚР артта қалған, депрессивті және дағдарысты аумақтар бар, олардың бюджеті қазіргі таңда теңестірілмей отыр.

Бірқатар экономистердің аумақтық бюджеттерін аумақтардағы бюджеттік түсімдердің маңызды бөлігі шоғырландырылатын басты бюджеттік деңгейге айналдыру жөніндегі ұсыныстары іске аспады. Бірқатар аумақтар донорлар болып табылады, ал келесілері дотация есебінен өмір сүреді. Жекелеген аумақтардың бюджетін тек қана ұлттық байлық деңгейіне тәуелділікте қалыптастыру нормативтерін белгілеу, көрсетілген бір текті еместілікті күрделендіруге әкелетіндігін білдіреді. Мысалы, Атырау мұнайлы облыс және Жамбыл облысы әлеуметтік-экономикалық дамудың төменгі көрсеткіштеріне ие.

Билік пен басқарудың республикалық және жергілікті органдары арасындағы салық–бюджет қарым-қатынасы (бюджет аралық қатынас) елдің экономикалық және әлеуметтік дамуының шешуші факторының бірі болып табылады. Бюджет аралық қатынастардың тиімді жүйесі халыққа ұсынылатын бюджеттік қызметтер сапасын, жергілікті халықтың қажеттіліктері мен талаптарын еске ала ортырып, қоғамдық қаржыны жауапкершілікпен басқаруға ынталандыруы, қаржы және ресурстық потенциалды оңтайлы пайдалана отырып экономикалық дамуды қарауы қажет.

Мысалы, ОҚО 2006 жылы нысаналы трансферттер есебінен мектептерді физика, химия, биология пәндерінен типті дәрісханалармен жабдықтау, оқу құралдарын сатып алу, материалды-техникалық базаны нығайту жүзеге асырылды, ал тұтас білім беру саласына 2,5 млрд теңге бөлінді. Облыстық білім беру жүйесінде мақсатты ағымдық трансферттер түріндегі бюджеттік қаражаттардың қосымша ағыны 3456 млн теңге құрады. Осы қаражаттардан 1 млрд теңгеден аса сомасы денсаулық сақтау объектілерін материалды-техникалық жаратқандыруға, 457 млн теңге азаматтарды өкпе құрт ауруларына қарсы, диабетке қарсы, онкологиялық ауруларды химиялық дәрі-дәрмектермен, емдік құралдармен тегін қамтамасыз етуге жұмсалды, 716 млн теңге көлеміндегі нысаналы трансферттер 49 жасқа дейінгі репродуктивті жастағы әйелдерді және 18 жасқа дейінгі балаларды алдын-ала тексеруге жұмсалды. Мақсатты инвестициялық трансферттер есебінен 2006 жылы облыста 21 білім беру объектісінің, 8 білім беру объектісінің, 12 сумен қамту, мемлекеттік коммуналдық тұрғын үй және тұрғын үйлерге инженерлік-коммуникациялық инфрақұрылым объектілерінің құрылысы жүзеге асырылады. Тұрғын-үй құрылысын дамытудың мемлекеттік бағдарламасын іске асыру кезеңінде бюджетке 9,5 млрд теңгеден аса несие ресурстары және 1 млрд теңгеден аса мақсатты трансферттер түсті, олар облыста құрылыс индустриясының дамуына күшті түрткі болды және облыс халқының жұмыспен қамтылуы мен бюджет кірістерінің өсуіне әкелді. Облыстың автожолдары құрылысы мен оларды қайта қалпына келтіруге республикалық бюджеттен 1 млрд теңге

бөлінеді. Қан құю орталықтарын материалдық жаратқандыруға, ЖҚТБ – жұқтырғандарды емдеу үшін, мамандардың біліктілігін көтеру мен қайта даярлауға маңызды сома бөлінді. Республикалық бюджеттен ауыл шаруашылығын қолдау үшін 1 млрд теңге көлемінде қаржы ресурстары – 17 сумен жабдықтау объектілері құрылысына бөлінді. Сонымен қатар тұқым шаруашылығын, асыл тұқымды мал шаруашылығын дамытуға, мал шаруашылығы өнімін көтеруді субсидиялауға қаражаттар бөлінді.

Аймақ аумағында құрылған қаржы ресурстары деп шаруашылық субъектілерінің өндірістік–шаруашылық қызметінің нәтижесінде алған қаржы ресурстары түсініледі. Оларға қосылған халықтан таратылған қаражаттар жиынтығында құрылған қаржы қаражаттарын құрайды. Олар ақшалай қаражаттар қоры бойынша ресурстарды қайта бөлу сомасына түзетіледі және иеліктегі қаржы ресурстарының түпкілікті сомасын есептейді. Аймақ қаржы ресурстары балансын кесте нысанында дайындайды. Бірінші кестеде кірістер ақшалай қаражаттардың түсімін кіріс баптары, бойынша ажыратылып көрсетіледі, екіншісінде – шығыстар жұмсалу бағыты бойынша, үшіншісінде қорлар арасындағы қайта бөлу ағыны сипатталады.

Аумақтардың қаржылық балансы аумақтардың қаржылық қажеттіліктері мен оларды жабудың нақты мүмкіндіктерін салыстыруға; аймақ халқының жан басына бюджеттік қаражаттармен қамтамасыз етуін есептеуге, мемлекеттік бюджетпен аймақтың дамуындағы үлесті бағалауға, жергілікті бюджет пен бюджеттен тыс қорлардың потенциалын анықтауға, «әлсіз» жерлерді анықтауға мүмкіндік береді.

15.5.

**Бюджетаралық қатынастар:  
түсімдер мен шығыстарды  
бюджет деңгейлері арасында  
бөлу**

Әлеуметтік-экономикалық және шарушалықы қызметтер процесінде, мемлекет ішінде пайда болған, қаржы ағынының өтуі процесінде пайда болған бюджеттік қатынастар көптеген байланы-

стармен сипатталады және шаруашылық субъектілерінің барлық құрылымдық деңгейі мен қаржылық қарым-қатынас нысандарын қамтиды.

Бюджетаралық механизм бюджеттік унитаризм негізінде, бюджет жүйесінің буындарының өзара байланысын қамтамасыз ету үшін пайдаланылады. Унитаризмді тұтас мемлекет пен оның бөліктері мүдделерінің үйлесімділігін, жекелеген аумақтардың дербестігін сақтай отырып ел бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз ететін басқару тәсілі ретінде қарастыруға болады.

Бюджеттік унитаризмді мемлекеттік билік пен аумақтық бөлімшелер билігінің әрбір деңгейдің бюджет кірістері мен олар арқылы қаржыландырылатын шығыстарды оңтайлы ғылыми негізделген бөлу жөніндегі қатынас ретінде анықтауға болады. Олар келесілерге сүйенеді:

- жергілікті бюджеттер мен республикалық бюджет мүдделерінің үйлесімділігі;
- ҚР барлық субъектілері үшін аймақтарды дамыту деңгейін теңестіру және оларға қаржылық көмек көрсету үшін мемлекеттік бюджеттен бөлінетін қаржаттар көлемін есептеуде бірыңғай критерийлері пайдаланылады.

Шығыстар алдымен биліктің әрбір деңгейіне жүктелген құзіреттілік пен өкілеттілікке сәйкес шектеледі, ал соңынан ең жоғарғы деңгейдегі экономикалық және әлеуметтік әсерге жету және сол аумақтық бірлікке жақындау үшін бюджет аралық қайта бөлу жүргізіледі.

Кірістерді республикалық бюджетте орталықтандыру жалпы мемлекеттік экономикалық және әлеуметтік бағдарламаларды орындау, мемлекеттік қаржылардың тұрақтылығын қамтамасыз ету және ресурстарды аймақтар арасында қайта бөлу мүмкіншілігі үшін жүргізіледі. Бұл үшін бекітілген және реттеуші салықтар механизмі пайдаланылады.

Бекітілген кірістер – бұл толығымен немес қатаң тіркелген үлесте ұзақ мерзімді негізге сәйкес бюджетке белгіленген нормативке сәйкес түсетін кірістер. Мемлекеттік салықтардан аударымдар олар жиналған аумақтық бірлікте қалдырылатын квота – үлес негізінде жүргізіледі.

Реттеуші кірістер – бұл сәйкес бюджетке осы қаржы жылына бекітілген нормативтер бойынша салықтардан пайыздық аударым түрінде түсетін кірістер. Егер де бекітілген және реттеуші кірістер жеткіліксіз болса, жоғары тұрған бюджеттен субсидиялар бөлінеді.

Бюджеттік қаражаттарды қайта бөлу тәртібі екі кезеңді қамтиды:

Салықтарды немесе олардың үлестерін аумақтарға бекіту.

Реттеуші фактор ретінде датациялар (трансферттер) бөлу.

Трансферттер халықтың жан басына шаққандағы аумақтық бюджеттік кірістерін көлденең теңестіруді жүзеге асыруға және оларға қаржылық көмек көрсетуге мүмкіндік береді, соңынан оның тиімділігі тексеріледі.

Бюджет процесінде республикалық, облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттері арасындағы қатынастар бюджетаралық қатынастар болып табылады.

Бюджет процесінде республикалық бюджеттің аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерімен және аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің бір-бірімен өзара қатынастарына жол берілмейді. Бұл мемлекеттік басқару деңгейлерінің өкілеттілігін нақты шектеумен байланысты.

Бюджетаралық қатынастарды ұйымдастыру принциптері келесілер:

1. Өзара жауапкершілік.
2. Бірыңғай әдістемені қолдану;
3. Аумақтардың бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейлерін теңестіру;
4. Қарама-қарсы ағынды қысқарту;
5. Кірістердің азаю және шығыстардың өсу жағдайында өтемақыларды бөлу;
6. Жергілікті өзін-өзі басқару органдарының меншікті кірістерді ұлғайтуға қызығушылығын көтеру;
7. Бюджетаралық қатынастардың жариялылығы;
8. Әрбір бюджеттің кірістері мен шығыстарының теңгерімділігі. Әрбір бюджет алдағы қаржы жылына әлеуметтік-

экономикалық даму жоспарын орындау үшін жеткілікті кірістер сомасын алуы керек;

9. Республикалық және жергілікті органдардың осы аумақта кірістер мен салықтар түсімінің жоспарын орындауы және асыра орындауға қызығушылығы.
10. Аумақтардың материалдық мүмкіншіліктерінің аймақтық экономикалық даму деңгейіне шартталуы;
11. Жыл бойы кірістер түсімінің, алынған кірістер мен уақыт бойынша шығыстар арасындағы кассалық алшақтыққа жол бермеу мақсатындағы, біркелкілігі;
12. Бірдей деңгейдегі жергілікті атқару органдарына мемлекеттік қызметті беруді қамтамасыз ету;
13. Мемлекеттік қызметтер көрсетуді беру деңгейін, оларды алушыларға барынша жақындату, яғни оларды ең төменгі бюджеттік деңгейіне беру;
14. Мемлекеттік қызметтер көрсетуді мемлекеттік қызметтерді неғұрлым тиімді, әрі нәтижелі қамтамасыз ете алатын мемлекеттік басқару деңгейіне бекіту;
15. Түсімдерді тиімді бөлуді төменгі тұрған бюджеттерге тұрақты сипаты бар салықтық және салықтық емес түсімдерді бекітетіндей етіп жүргізу, ал қайта бөлу сипатындағы салықтар бюджеттің ең жоғарғы деңгейіне бекітіледі және салықтарды бекітуде салықтарды жинаудың жоғарғы деңгейін қамтамасыз ететін бюджет деңгейіне артықшылық беріледі.

Қазақстан Республикасында субвенцияларды беру тәртібі бөлінген қаражаттардың мақсатты пайдаланылуына бақылауды жүзеге асыратын мемлекеттік билік органдарының нормативтік-құқықтық актілерімен реттеледі.

Кірістер мен шығыстарды бюджет жүйесі буындары арасында шектеу, әрбір бюджетке жеке аймақтың әлеуметтік және экономикалық тапсырмаларын орындауға әсер етуге мүмкіндік береді.

Бюджет жүйесінің кіріс базасының бірлігі кірістерді әрбір бюджетке қатаң бекіту жолымен емес, әрбір бюджеттің кірістерін реттеуге мүмкіндік беретін аударымдар мөлшері мен жалпы көздерді тиімді пайдалану көмегімен бөлуге мүмкіндік береді.

Кірістерді бөлу елдің дамуының экономикалық және әлеуметтік даму жоспарының шараларын қаржыландыру, экономиканы жан-жақты дамыту мен аймақ халқының өмір сүру деңгейін көтеру тапсырмаларынан жүргізіледі.

Шығыстарды бюджет жүйесі буындары арасында бөлу мемлекеттік құрылым және елдің мемлекеттік басқару органдары мен жергілікті билік органдары арасындағы функцияларды шектеумен шарттастырылған.

Шығыстарды бюджеттер арасында бөлуді анықтайтын маңызды факторлар болып экономикалық субъектілердің республикалық және жергілікті органдарға бағыныштылығы, аймақтық орналасуы, қызмет шекарасы, бюджеттен қаржыландырылатын мемлекеттік шаралар мәні, аймақтың қажеттіліктерін толық көлемде қанағаттандыру мүмкіншілігі табылады.

Бюджеттік реттеу, бюджеттік процесстің құрамдас бөлігі бола отырып, қаржы ресурстарын әртүрлі деңгей бюджеттері арасында бөлшекті бөлуді көрсетеді.

Бюджеттік заңнаманы талдау бюджеттік реттеу әдістерінің тартобын ерекшелеуге мүмкіндік береді:

- бюджет кірістерінің реттеуші көздерін белгілеу және бөлу;
- бюджеттік көздердің өзін қайта бөлу;
- төменгі бюджеттерге жоғарғы бюджеттер қаражаттар есебінен көрсетілетін қайтарымсыз көмек;
- бір бюджеттен келесісіне бөлінетін бюджеттік ссуды.

Дотация – төменгі тұрған аймақтық деңгейдегі ең төменгі бюджет деңгейінде жоғары тұрған бюджеттен бөлінетін ақшалай сома.

Субвенция – бұл аймақтық бірліктің әлеуметтік-экономикалық даму деңгейін теңестіру үшін, белгілі мерзім мен нақты мақсаттарға жоғары деңгей бюджетінен бөлінетін ақшалай сома.

Субсидия – белгілі шараларды қаржыландыруға бөлінетін және осы қаржыландыруға төменгі тұрған бюджеттердің қатысуын қарастыратын ақшалай сома.

Бюджеттік ссуда – бюджеттен қайтарымдылық, төлемділік және мерзімділік шартымен берілетін қаржылық көмек.

Бюджетаралық қатынастар төмендегіше реттеледі:

- республикалық және облыстақ бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің арасында:
- трансферттермен;
- бюджеттік кредиттермен;
- облыстық және аудандық (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттер арасында:
- трансферттермен;
- бюджеттік кредиттермен;
- кірістерді бөлу нормативтерімен реттеледі.

Бюджет деңгейлері арасындағы трансферттер жалпы сипаттағы трансферттерге бюджеттік субвенциялар мен бюджеттік алып қоюлар:

- ағымдағы нысанлы трансферттерге;
- дамудың нысаналы трансферттеріне бөлінеді.

Жалпы сипаттағы трансферттер ағымдық бюджеттік қамтамасыз ету деңгейін теңестіруге және әрбір бюджет деңгейіне бекітілген, шығыстар бағытына сәйкес мемлекет кепілдендірген қызметті беру үшін тең фиксалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған. Жалпы сипаттағы трансферттер мөлшері бюджет кірістері мен шығыстарының болжамды көлемдері арасындағы айырмашылық ретінде анықталады.

Нысаналы трансферттер жоғары тұрған бюджеттерден төмен тұрған бюджеттерге дамудың жекелеген ағымды бюджеттік бағдарламаларын немесе шығындарды өтеу үшін беріледі.

Бюджетаралық трансферттердің тиімді жүйесі бөлшектеу саясатында маңызды мәнге ие. Трансферттер жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке бюджеттік теңсіздікті жою мақсатында бөлінеді және мақсатты да, теңестіруші де сипатта болады.

Әлемдік тәжірибеде муниципалды қаржы үшін трансферттердің рөлі өте зор, өйткені оның көлемі жергілікті бюджеттердің барлық кірістерінің жартысын құрайды. Бұл үкіметтің жалпы саясаты шеңберінде муниципалды белсенділік пен елдің барлық аумағында әлеуметтік сферада жалпы әлеуметтік стандарттарды қолдауға мүмкіндік береді.

Келесі жағынан, трансферттер жүйесі бөлшектеуге әсер етеді. Жергілікті билік органдарына асыранушылық көңіл пайда болады, өйткені орталық міндетті түрде көмектесуі керек деген пікір қалыптасады. Жауапкершілікті одан әрі тиімді бөлуге, жергілікті билік органдарына, оларға бекітілген сфералардағы күрделі шығыстарға жауапкершілікті беру арқылы қол жеткізуге болады. Бұл үшін жергілікті органдарға капитал нарығында берілген норматив бойынша қарыз алуға және оны бюджеттің ағымды тапшылығын жабуға пайдаланбауға рұқсат беру керек.

Трансферттер мөлшерін анықтау үшін математикалық формулалар, әкімшілік бірлігінің нақты сипаттамалары мен аймақты ресурстармен қамтамасыз ету нормативтері пайдаланылады. Салықтар мен трансферттерді бөлу сұрақтары заң актілерінде бекітілуі және оларды іске асыру ашық болуы керек. Бюджеттік кредиттер жоғары тұрған бюджеттен төмен тұрған бюджетке инвестициялық жобаларды іске асыру үшін беріледі.

Трансферттерді пайдаланудағы нәтижеге жетпегені үшін облыс әкімдері мен бюджеттік бағдарламалардың әкімшілері жауапты болады.

Бюджетаралық қатынастар жеткілікті интенсивті және бюджет жүйесінің жұмыс істеуінің маңызды элементін құрайды. Олар оның тұрақтылығын ұстап тұруға мүмкіндік береді.

Республикалық, облыстық және аудандық (қалалық) бюджеттер арасындағы бюджет аралық қатынастар бюджеттік кредиттердің ресми трансферттерін беру арқылы реттеледі.

Жалпы сипаттағы трансферттердің үш жылдық көлемінің қолданылуы кезінде мемлекеттік органдардың функцияларын мемлекеттік басқарудың төмен тұрған деңгейінен жоғары тұрған деңгейіне беруге байланысты шығыстардың ұлғаюына әкеп соғатын заңнамалық актілер қабылдауынан туындайтын шығындарын өтеу міндетті түрде төмен тұрған бюджеттен ағымдағы нысаналы трансферттер бөлу арқылы жүргізіледі.

Бюджетаралық қатынастар саясатының негізгі мақсаты болып биліктің барлық тармақтарының дербестігін, тұрақтылығын, бюджет процесінің ашықтығын күшейтуді қамтамасыз ету табылады.

Биліктің әрбір деңгейінің өзінің нақты кірістерін тек қана орта мерзімді кезеңге ғана емес, сонымен қатар ұзақ мерзімді кезеңге анықтауға мүмкіншілігі бар, ол аймақтың дамуының ұзақ мерзімді болжамын құруға мүмкіндік береді.

Дербестікті күшейту мақсатында биліктің әрбір деңгейі белгілі қаржы қаражаттарымен қамтамасыз етілген, олардың бюджетті қалыптастыру мен пайдаланудағы рөлі заңмен анықталған.

Әлеуметтік объектілер құрылысы республикалық және облыстық бюджеттерден нысаналы трансферттер есебін жүзеге асырылуда.

Бюджетаралық қатынастарды реттеу нысандарын анықтауда бюджеттің әрбір деңгейінің салық потенциалы, аймақтардың бюджеттік қажеттіліктерін бағалау нәтижелері, бекітілген натуралды нормалар есепке алынады.

2005 жылдан бастап жалпы сипаттағы ресми трансферттер көлемі үш жылдық кезеңге жүргізіледі, облыстар үшін бюджеттік субвенциялар мен алып қоюлар ҚР «Республикалық бюджет туралы» заңымен бекітіледі. Жалпы сипаттағы трансферттер бюджеттің әрбір деңгейі үшін Бюджет кодексімен бекітілген шығыстардың бағыттарына сәйкес, мемлекеттік кепілдендірілген қызметтерді беру үшін, өңірлердің бюджеттік қамтамасыз етілу деңгейін теңестіруге және тең фиксалдық мүмкіндіктерді қамтамасыз етуге бағытталған.

Жалпы сипаттағы трансферттер көлемі сәкес жергілікті бюджеттердің кірістер мен шығыстар арасындағы айырмашылығы ретінде анықталады.

Жергілікті бюджет кірістерінің болжамды көлемі шығындардың болжамды көлемінен асқан кезде жергілікті бюджеттен жоғарғы бюджетке бюджеттік алып қоюлар белгіленеді. Керісінше жергілікті бюджеттің болжамды шығын көлемі болжамды кіріс көлемінен асқан кезде, жергілікті бюджетке жоғары тұрған бюджеттен бюджеттік субвенциялар белгіленеді.

Керісінше жергілікті бюджеттің болжымды шығын көлемі болжамды кіріс көлемінен асқан кезде жергілікті бюджетке жоғары тұрған бюджеттен бюджеттік субвенциялар белгіленеді. Жергілікті бюджеттердің болжамды шығын көлемі оларды ағымды бюджеттік бағдарламалар мен бюджеттік даму бағдарламаларына, бюджеттік

қамтамасыздыққа, бекітілетін натуралды нормаларды бөлуді есепке алу арқылы бюджет деңгейлері арасында шығындарды бөлу негізінде есептеледі.

Егер де бекітілген бюджетте бюджеттік алып қоюлар мен субвенцияларды есептеуде есепке алынған шығындар қарастырылмаса, онда ҚР Үкіметімен немесе жергілікті атқарушы органмен ағымды қаржы жылына сәйкес шамаға бюджеттік субвенцияларды қысқарту немесе бюджеттік алып қоюларды ұлғайту туралы шешім қабылданады.

Нысаналы трансферттер жоғары тұрған бюджеттердің төмен тұрған бюджеттерге бюджеттік алып қоюларды есептеу кезінде есепке алынбаған, жекелеген бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін, республикалық немесе облыстық бюджеттерде бекітілген сома шеңберінде беретін трансферттері, сонымен қатар нысаналы ағымды трансферттер мемлекеттік, салалық немесе аймақтық бағдарламалардың шараларын орындау үшін, сонымен қатар әкімдердің өтініші бойынша қаржы жылының ішінде ҚР Үкіметі немесе жергілікті атқарушы органдардың резервтерден қаржыландырылатын шараларға ғана беріледі. Дамуға нысаналы трансферттер деп жоғары тұрған бюджеттерден төмен тұрған бюджеттерге республикалық немесе жергілікті бюджеттермен бекітілген сома шегінде берілетін трансферттер аталады. Олар келесілер үшін беріледі:

- жергілікті бюджеттік бағдарламаларды іске асыру;
- мемлекеттің басқарудың төмен тұрған органдарының республика дамуы бағдарламалары мен жоспарларын орындау.

Республикалық бюджеттен нысаналы трансферттер ҚР Парламентінің қаулысы негізінде, облыстық бюджеттен – облыс әкімінің қаулысы негізінде бөлінеді.

Аймақтарға нысаналы трансферттерді бөлу арқылы Қазақстан халқына ел Президентінің жыл сайынғы Жолдауындағы дамудың басымдылықтары ретінде анықталған шараларды орындау үшін үлкен ақша ағыны келеді. Мысалы, ОҚО 2006 жылы 21 млрд теңгеден аса сомада нысаналы трансферт бөлінген, оның 14 млрд теңгесі ағымды бағдарламаларды және 7 млрд теңгесі инвестициялық жобаларды іске асыруға бағытталды.

Республикалық бюджет пен облыстық бюджеттерден облыстық бюджеттер мен аудан (қала) бюджеттеріне қаржы жылында нақты ақшаның болжамды тапшылығы жағдайында бюджеттік инвестициялық жобаларды іске асыру үшін бюджеттік кредиттер берілуі мүмкін. Оларды мақсатсыз пайдалану жағдайы орын алғанда трансферттер де, бюджеттік ссудалар да ағымды қаржы жылының 31 желтоқсанына дейін қайтарылуы керек.

Қаржы жылы ішінде дамуға арналған нысаналы трансферттердің пайдаланылмаған сомасы сәйкес төмен тұрған бюджеттердің иелігінде бюджеттік инвестициялық жобаны қаржыландыруды аяқтау үшін қалдырылады. Ол сома ағымды жылдың бюджетін нақтылаусыз бекітілген жылдық көлемінің 10% нан артық болмайды. Жыл бойы пайдаланылмаған нысаналы трансферттер ағымды жылдың желтоқсанында оларды бөлген жоғары тұрған бюджетке қайтарылуы мүмкін.

Бюджетаралық қатынастар мемлекеттік басқарудың деңгейлері арасында функциялар мен өкілеттіліктердің ара жігінің айқын ажыратылуына, республикалық, облыстық бюджеттер, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, аудандардың (облыстық маңызы бар қалалардың) бюджеттері арасында түсімдер мен шығыстардың біркелкі бөлінуіне, сондай-ақ бюджетаралық трансферттерді айқындау әдістерінің біртұтастығына және ашықтығына негізделген.

Бюджет аралық қатынастар мынадай принциптерге негізделеді:

- облыстық бюджеттердің, республикалық маңызы бар қала, астана бюджеттерінің республикалық бюджетпен, аудандар (облыстық маңызы бар қалалар) бюджеттерінің, жоғары тұрған облыстық бюджетпен өзара қатынастардағы теңдігі;
- жергілікті атқарушы органдардың мемлекеттік қызметтер көрсетудің бірдей деңгейін беруін қамтамасыз ету;
- белгіленген критерилер мен өкілеттіліктерді шектеуді сақтауды есепке алатын түсімдерді тиімді бөлу;
- әкімшілік-аумақтық бірліктердің бюджеттік қамтамасыз етілуі деңгейлерін теңестіру;

- мемлекеттік қызметтер көрсетудінеғұрлым тиімді әрі нәтижелі қамтамасыз ете алатын мемлекеттік басқару деңгейінде мемлекеттік қызметтерді беру;
- мемлекеттік қызметтер көрсетуді ұсыну деңгейін оны алушыларға барынша жақындату – алушылардың қажеттерін барынша дәл есепке алу және мемлекеттік қызметтер көрсетудің сапасын арттыру мақсатында қызметтер көрсетудің атқарылуын бюджет жүйесінің мүмкіндігінше төмен деңгейіне беру.

Бюджет аралық қатынастарды реттеу нысандарын анықтауда бюджеттердің әрбір деңгейінің салық потенциалы, аймақтардың объективті бюджеттік қажеттіліктерді бағалау нәтижелері, бекітілген натуралды нормалар есепке алынады. Жалпы сипаттағы трансферттер жергілікті бюджеттердің бюджеттік қамтамасыздық деңгейін теңестіру мен мемлекеттік қызметтердің стандартты деңгейін құру үшін тең фиксалдық мүмкіндіктерді құруға бағытталған.

Мемлекеттің әлеуметтік-экономикалық саясаты бюджеттік механизм арқылы тек қана республикалық бюджет көмегімен ғана емес, барлық ұлттық шоғырландырылған бюджетті баланстау көмегімен де жүзеге асырылуы керек. Бұл үшін барлық деңгейдегі бюджеттердің болжамды кірістерін есептеу, содан кейін ең төменгісі – жергілікті бюджеттен бастап барлық жиынтық шығыстардың мөлшерін анықтау керек. Тек қана осы екі шаманы салыстыра отырып, шоғырландырылған бюджеттің тапшылығын немесе профицитін табуға болады. Барлық бюджет жүйесінің қалыпты жұмыс істеуі үшін аймақтардың шоғырландырылған бюджеттерінің жиынтық сомасыоң болуы керек. Бұл тұтас бюджет жүйесінің макроэкономикалық теңгерімділігінің нақты критерийі.

Тапшылықтың аймақтық деңгейіне ығысудағы республикалық бюджет профицитіне бағдар макроэкономикалық теңгерімділікті тұрақсыздандыратын фактор болып табылады.

Ұлттық шоғырландырылған бюджеттің теңгерімділік мәселесін шешу соңында барлық бюджет жүйесінің сауықтануына әкеледі, бұл макроэкономикалық тұрақтылық процесіне ықпал етеді.

Бюджеттік реттеу ҚР бюджет жүйесінің әртүрлі деңгейлері арасындағы қарым-қатынас жүйесін көрсетеді. Ол бюджет аралық реттеу ретінде анықталады, республикалық және аймақтық мемлекеттік билік органдары, сонымен қатар жергілікті өзін-өзі басқару органдары арасында шығыс және кіріс өкілеттілігі көмегімен іске асырылады. Бюджеттік реттеуді аймақ пен ел экономикасына берілген параметрлер шеңберінде шаруашылық субъектілер экономикасының жұмысын қамтамасыз ету мақсатында кіріс және шығыс баптары арқылы әсер ету ретінде қарастыруға болады.

Аймақтар орталықтан түсетін көмекке, ал муниципалды құрылымдар – аймақтық бюджеттерден түсетін көмекке тәуелді болып отыр. Орталықтандырудың жоғарғы деңгейі мен экономикалық потенциалдың төменгі деңгейдегі дамуына ие аймақтардың ағымды сипаттағы бюджет аралық трансферттердің артықшылық рөлін сақтауда, республикалық бюджеттен қаржылық көмекке тәуелді болуды жалғастырады және дербес экономикалық дамуға жеткілікті мүдделі болмайды.

Ұзақ мерзімді сипатта болатын және аймақ экономикасында құрылымдық ілгерілеуді қалыптастыру мен салық потенциалын көтеруге бағытталатын бюджет аралық трансферттер рөлін көтеру, яғни трансферттік стратегияның механизмдерін активті пайдалану керек.

Бюджеттердің теңгерімсіздігін жеңу бойынша негізгі бағыт – аймақтардың қаржылық базасын нығайту.

Аймақтың қаржылық жағдайы оның экономикалық және әлеуметтік даму нәтижелерінің халыққа меншікті ресурстар есебінен қызмет көрсету мүмкіншілігімен тығыз байланысты болатын бюджеттік құрылымды құру керек.

Бюджеттік шығыстар тиімділігін көтеру аймақтық секторды тұтас реформалдауды жеңісті және бірізді іске асыру мен бір мезгілде жергілікті органдардың бюджеттік жоспарлау нәтижелеріне мемлекеттік құрылымдар тарапынан бақылауды күшейткенде ғана мүмкін.

Шоғырландырылған бюджет теңгерімділігіне қол жеткізгенде бюджетаралық реттеу сферасындағы шешуші бағыт болып

аймақтық және жергілікті биліктің, олардың қызмет нәтижелерін бағалаумен салық-бюджет автономиясы болуы керек.

Өз кірістері мен шығыстарын дербес басқару мүмкіншілігі бәсекелес ортаны дамытуға, экономикалық тиімділік пен бюджеттік жауапкершілікті күшейтуге, бюджет кірістерін салықтық түсімдер есебінен ұлғайту әдісіне ғылыми негізділікті көтеруге, бюджеттік қаражаттарды басқарудың концептуалды негізін әзірлеуге мүмкіндік береді.

Бюджетаралық қатынастарды ұйымдастыру және қаражаттарды бюджет жүйелері арасында бөлу механизмінің негізіне қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуының тактикалық және стратегиялық тапсырмаларын шешуге нысаналы бағыттылық; мемлекеттік қаржыны ұтымды және тиімді пайдалану; орталық пен жергілікті билік органдарының, кәсіпкерлік пен халықтың экономикалық мүдделерінің максималды мүмкін келісімі салынуы керек.

Деңгейаралық бюджет – қаржы ағынын оңтайландыру процесінде үш негізгі бағыт ерекшеленеді:

- шығыс өкілеттілігін шектеу;
- бюджет жүйесі деңгейлері арасында кірістерді шектеу;
- жоғары тұрған бюджеттің қаражаттарын төмен тұрған бюджетке қайта бөлу.

Қазіргі кезде бюджет заңнамасында бюджеттік қатынастар базалық элементі – әртүрлі деңгейдегі билік органдары арасында шығыс өкілеттілігі мен жауапкершілігін нақты шектеу жоқ. Шығыстардың кең сферасы біріккен қаржыландыру сферасына жатқызылған, нәтижесінде қоғамдық қызметтердің маңызды бөлігін ұсынуға жауапкершілікті жойылады. Сонымен қатар жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын бюджеттік шығыстардың регламентациясы сақталады, көптеген орталықтан белгіленген натуралды және қаржылық нормалар әрекет етеді. Шығыс өкілеттіліктерін шектеуді келесі принциптер негізінде іске асыру керек:

- шығыс өкілеттіліктерінің бюджеттік қызмет тұтынушыларына максималды жақындығы;
- бірқатар шығыстарды орталық деңгейде іске асырған пайдалы және тиімді;

- аймақтың өз міндеттемелерін орындамағанында пайда болатын мүмкін шығындар жоғары болған сайын, оны орталықтандыруға алғы шарт соғұрлым жоғары болады.

ҚР шығыс және кіріс өкілеттіліктерін бюджеттер арасында бөлу әлемдік тәжірибеде жалпы танылған принциптерге сәйкес келеді. Бірақ тұтас нормативтік-құқықтық база қазірге дейін жоқ. Бұдан тұрақты анықсыздық пен тұрақсыз бюджетаралық қатынас болады, сондықтан ҚР бюджетаралық қатынас жүйесі реформалдауды талап етеді.



### *Бақылау сұрақтары:*

1. ҚР бюджет жүйесінің мәні қандай?
2. ҚР бюджет жүйесі құрылымының сызбасын құрастырыңыз.
3. ҚР бюджет жүйесін құру принциптерін атаңыз.
4. ҚР бюджет механизміне және оны құрайтын элементтерге түсініктеме беріңіз.
5. Біріңғай бюджеттік сыныптама мен оның код құрылымына түсініктеме беріңіз.
6. Әртүрлі деңгей бюджеттерінің шығыстарының түрлерін атаңыз.
7. Әртүрлі деңгей бюджеттерінің кірістерінің түрлерін атаңыз.
8. Әртүрлі бюджеттерге салықтық және салықтық емес түсімдер құрылымын атаңыз.
9. Бюджет жүйесін басқару органдары мен бюджеттік процесс кезеңдерін атаңыз.
10. Аймақтық қаржы және бюджетаралық қатынас түсініктемесін беріңіз.